

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТ МЕРЕКЕСІ



Осы санда

ЖАНАРДЫҢ
АРМАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН



АМЕРИКАДАН СӘЛЕМ!



ОҚЫТУ, ТӘРБИЕЛЕУ,
ЖАҚСЫ КӨРУ



☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметінше еліміз бойынша 11 мыңнан астам кітапхана жұмыс істейді. Оның 7 мыңнан астамы білім беру жүйесіне тиісті, ал 3 мыңнан астамы мемлекеттік кітапхана санатында. Қазақстан кітапханаларындағы жалпы кітап қоры 70 миллион дана. Кітапханашы деген мәртебелі мамандық иелерінің саны елімізде 19 мың екен.

Қазақстанда тұңғыш рет 24 қазан — Кітапханашылар күні болып бекітілді. Бастамашы ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев кітапхана саласының ең үздіктерін жинаған салтанатты шарада «Кітапхана — бұл білімге үңіліп, саналы түрде, жайлы ортада оқуға келетін ғибадатхана. Біз күнделікті құйбең тірлік қарбаластан арылып, руханият әлеміне енуге мүмкіндік туғызатын қастерлі орын. Сондықтан біз кітапхана ісін қолдайтын боламыз. Бұл біздің берік ұстанымымыз», — деді.

Министр Д.Абаев кітапханашылардың бірқатарына «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін табыстады. Бұл құрметке саналы ғұмырын кітапхана ісіне арнаған Zhubanov University Ғылыми кітапханасының директоры Илия Мазылбекова да ие болды. Марапат иесін кәсіби мерекесімен құттықтаған университет ректоры Лаура Карабасова: «Илия Оразғалиқызы, Сізді және Сіздің ұжымыңызды кәсіби мерекенізбен құттықтаймыз! Кітапхана — академиялық мәдениеттің діңгегі. Сондықтан университет өміріндегі кітапханашылардың ролі аса маңызды.

Осы мерекеде ұжымыңызға жаңашылдық, отбасыңызға береке, денсаулық және еңбекте табыс тілеймін», — деген тілегін жеткізді.

Мәдениет саласының үздігі Илия Мазылбекова өмірлік кәсібіне адалдықпен еңбек етіп келеді.

«90-шы жылдар кітапхана қызметкерлерінің есінде ауыр жылдар ретінде қалды, — дейді ол. — Кеңес үкіметінің құлауы кітапхана қызметінің дамуына түбегейлі кері әсерін қалдырғаны жасырын емес. Қаржыландырудың жетіспеушілігінен, әдебиет пен мерзімді басылымдар құнының үнемі көтеріліп отыруына байланысты кітапхана қорын толықтыру қызметі қиыншылыққа ұшырады. Штат бірліктерін қысқарту басталды, кітапханаларды дамытуға қаржы бөлінбеді. Соның салдарынан жабылып қалған кітапханалар болды. Уақытында берілмейтін аз айлыққа тек өз ісіне берілген мамандар ғана қалды. Мен университет кітапханасына қызметке 1992 жылдың мамыр айында келдім, ол кезде педагогикалық институт болатын.

Кітапхана қазіргі Б.Сүлейменов атындағы ғимаратта және бас ғимаратта ғана болды. Көлемі шағын 2 оқу залы, 2 абонемент бөлімінде ол кезде 36 қызметкер жұмыс жасады. Студенттер кітапханада толып отыратын. Таңғы сағат 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс жасайтынбыз. Кітап жетпей студенттер оқу залдарына кезекпен кіретін», — еске алады ол өткен жылдарын.

Бүгінде Zhubanov University Ғылыми кітапханасы жалпы кітап қоры 1030258 дана құрайтын ірі ілім орталығы.

Ғылыми кітапхананың университеттің барлық оқу корпусында бөлімдері бар. 2018 жылы Web Ирбис автоматтандырылған



бағдарламасы алынып, кітапхана қоры бір жүйеге көшірілді. 2019 жылда жоғары жылдамдықты Optima A2 сканерімен жабдықталды.

Тұңғыш Президент атындағы 80 орындық электрондық залы ашылды. Заман талабына сай жабдықталған Қолжетімді оқу залы жұмыс істейді. Онда оқырмандардың бас қосып, пікірлесе алатын коворкинг бұрышы бар.

Оқырмандар үшін library.arsu.kz негізгі кітапхана сайты және neb.arsu.kz электрондық кітапханасы да қолжетімді.

Университеттің Smart Arsu мобильді қосымшасы арқылы электрондық кітапхана, шығу парағын толтыру, кітапқа алдын ала тапсырыс беру, бережақ кітап тізімін көру қызметтері жұмыс жасайды.

Илия Мазылбекова 1981-1985 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар институтының Кітапханатану және библиография факультетін бітірген. Қазіргі қызметіне дейін бас библиограф, кітапхана директорының орынбасары, кітап қорын толықтыру бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Кітапхана саласындағы еңбек өтілі — 37 жыл. ҚР Білім және ғылым министрінің (қазіргі ҚР Оқу-ағарту министрлігі) Құрмет грамотасының, «Қ.Жұбанов» медалінің иегері.

«Бүгінгі кітапханашы — ол менеджер, ол — программист, ол — психолог, бірнеше саланы меңгерген, дәлірек айтқанда, кітапхана ісінің дамуын алға жылжытатын, қызмет көрсетудің әдіс-тәсілін қалыптастыратын білікті маман болуы тиіс. Қоғамда кітапханашы беделі жоғарылап, мәртебелі мамандық ретінде таныла бастады. Сол үшін қуанамыз», — дейді Республика күні қарсаңында құрметке бөленген марапат иесі.

ОТЛИЧНИК КУЛЬТУРЫ

По данным пресс-службы Министерства культуры и спорта РК, в стране насчитывается более 11 тысяч библиотек. Порядка 7000 из них относятся к системе образования, а трем тысячам присвоен статус государственных. Общий книжный фонд библиотек Казахстана составляет 70 миллионов экземпляров. В стране 19 000 библиотек.

Впервые в Казахстане 24 октября был утвержден Днем библиотекаря. Инициатор-министр культуры и спорта Дәурен Абаев. На торжественной церемонии, собравшей лучших представителей библиотечной отрасли, глава ведомства сказал: «Библиотека — это храм, куда люди приходят учиться в комфортной и сознательной среде. Это наша твердая позиция».

Министр Д.Абаев наградил ряд библиотечных наградным знаком «Отличник культуры». Этой чести удостоена и директор Научной библиотеки Zhubanov University Илия Мазылбекова, посвятившая свою жизнь библиотечному делу. Ректор вуза Лаура Карабасова поздравила обладателя высшей ведомственной награды с профессиональным праздником: «Илия Оразғалиевна, поздравляем Вас и Ваш коллектив с профессиональным праздником! Библиотека является опорой академической культуры. Поэтому роль библиотечной в жизни университета очень важна. В этот праздник желаю вашему коллективу новаторства, процветания, здоровья и успехов в работе».

Отличник культуры Илия Мазылбекова добросовестно трудится на протяжении всей жизни. «1990-е годы запомнились библиотечным работникам как трудные годы, — говорит она. — Ни для кого не секрет, что падение советской власти негативно сказалось на развитии библиотечного дела. Из-за отсутствия финансирования и постоянного роста стоимости литературы и периодических изданий, пополнение библиотечного фонда стало затруднительным, началось сокращение штатных единиц, не выделялись средства на развитие библиотек, в результате чего библиотеки закрывались. Остались только влюбленные в свою работу профессионалы с маленькой зарплатой, которую вовремя не выплачивали. Я пришла в университетскую библиотеку в мае 1992 года. Тогда это был педагогический институт. Библиотека работала только в здании имени Б. Сүлейменова и основном корпусе. В то время в 2-х малых учебных залах и 2-х абонементных работало 36 сотрудников. Студенты толпились в библиотеке. Мы работали с 8:00 до 20:00. Когда книг не хватало, студенты в учебные аудитории заходили по одному», — вспоминает она прошлые годы.

Сегодня Научная библиотека Zhubanov University — это крупный образовательный центр с общим книжным фондом в 1030258 экземпляров. Во всех учебных корпусах университета открыты библиотеки. В 2018 году была принята автоматизированная программа «Веб-Ирбис» и библиотечный фонд переведен в одну систему. В 2019 г. был оснащен высокоскоростным сканером Optima A2. Открыт электронный зал имени первого Президента на 80 мест. Имеется доступный учебный зал, оборудованный в соответствии с современными требованиями. Есть коворкинг-уголок, где читатели могут встретиться и обсудить разные темы.

Также для читателей доступны основной сайт библиотеки library.arsu.kz и электронная библиотека neb.arsu.kz. Электронная библиотека, заполнение формы, предварительный заказ книги и просмотр списка книг доступны через мобильное приложение университета Smart Arsu.

Илия Мазылбекова окончила факультет библиотечного дела и библиографии Ка-

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

захского государственного женского института (1981-1985 г.). До назначения на нынешнюю должность работала главным библиографом, заместителем директора библиотеки, начальником отдела пополнения книжного фонда. Стаж работы в сфере - 37 лет. Награждена Почетной грамотой Министра образования и науки РК (ныне Министерство просвещения РК), медалью «К.Жубанова».

«Сегодняшний библиотекарь должен быть менеджером, программистом, психологом, разносторонним специалистом, точнее, профессионалом, который способствует развитию библиотечной работы и формирует методы оказания услуг. Статус библиотекаря в обществе стал выше и профессия теперь относится к числу престижных. Мы этому рады», – говорит обладательница награды, которую чествовали накануне Дня Республики.

EXCELLENCE IN CULTURE

According to the press service of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan, there are more than 11 thousand libraries in the country. About 7,000 of them belong to the education system, and three thousand have been given the status of state ones. The total book fund of libraries in Kazakhstan is 70 million copies. There are 19,000 librarians in the country.

For the first time in Kazakhstan, October 24 was approved as the Librarian's Day. The initiator is the Minister of Culture and Sports Dauren Abaev. At a solemn ceremony that brought together the best representatives of the library industry, the head of the department said: "The library is a temple where people come to study in a comfortable and conscious environment. This is our firm position." Minister D. Abaev awarded a number of librarians with the badge "Excellence in Culture". This honor was awarded to the director of the Zhubanov University Scientific Library Ilya Mazybekova, who devoted her life to librarianship. The rector of the university Laura Karabasova congratulated the owner of the highest departmental award on their professional holiday: "Iliya Orazgalievna, we congratulate you and your team on your professional holiday! The library is the backbone of academic culture. Therefore, the role of librarians in the life of the university is very important. On this holiday, I wish your team innovation, prosperity, health and success in work".

Iliya Mazybekova, an excellent student of culture, has been conscientiously working throughout her life. "The 1990s are remembered by librarians as difficult years," she says. - It's no secret that the fall of Soviet power

had a negative impact on the development of librarianship. Due to the lack of funding and the constant increase in the cost of literature and periodicals, replenishment of the library fund became difficult, staff reductions began, no funds were allocated for the development of libraries, as a result of which the libraries were closed. There were only professionals who were in love with their work with a small salary, which was not paid on time. I came to the university library in May 1992. Then it was a pedagogical institute. The library worked only in the building named after B. Suleimenov and the main building. At that time, 36 employees worked in 2 small training halls and 2 subscriptions. Students crowded into the library. We worked from 8:00 to 20:00. When there were not enough books, students entered the classrooms one at a time," she recalls past years.

Today, the Zhubanov University Scientific Library is a major educational center with a total book fund of 1030258 copies. Libraries are open in all academic buildings of the university. In 2018, the Web-Irbis automated program was adopted and the library fund was transferred to one system. In 2019, it was equipped with a high-speed Optima A2 scanner. An electronic hall named after the first President for 80 seats was opened. There is an accessible training room, equipped in accordance with modern requirements. There is a co-working corner where readers can meet and discuss different topics.

The main website of the library library.arsu.kz and the electronic library neb.arsu.kz are also available for readers. The electronic library, filling out the form, pre-ordering a book and viewing the list of books are available through the university's Smart Arsu mobile application.

Iliya Mazybekova graduated from the Faculty of Library Science and Bibliography of the Kazakh State Women's Institute (1981-1985). Before being appointed to her current position, she worked as a chief bibliographer, deputy director of the library, head of the department for replenishing the book fund. Work experience in the field - 37 years. She was awarded the Certificate of Honor of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (now the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan), the medal "K. Zhubanov".

"Today's librarian should be a manager, a programmer, a psychologist, a versatile specialist, more precisely, a professional who contributes to the development of library work and forms the methods of providing services. The status of a librarian in society has become higher and the profession is now among the prestigious ones. We are happy about this," says the owner of the award, which was honored on the eve of Republic Day.



АҚТӨБЕ АРУЫ

"Ақтөбе аруы — 2022" ұлттық сән байқауында Zhubanov University Кәсіби-шығармашылық факультетінің "Дизайн" мамандығының 2-курс студенті Орынғұл Едіге бас жеңімпаз атанды.

Жас сұлу дизайнерлік өнерінің жеңіске жетуінде шешуші роль атқарғанын айтады.

Биыл Ақтөбеде сән байқауы 24-ші рет өткізілді және оған өңірден 700 бойжеткен қатысуға тілек білдірген. Кастинг нәтижесінде араларынан 120 қатысушы іріктеліп, оның 32-і финалға жолдама алған.

Ұлттық сән байқауының директоры Нұржамал Мамутова бұл жолы ерекше ұйымдастыру шараларының жүргізілгенін, байқауға қоюшы режиссер және хореограф ретінде Ташкенттік маман Алекс Грей шақырылғанын, байқаудың хэдлайнері белгілі қазақстандық әнші Нұрболат Қанай болғанын айтты.

Ал Ақтөбе аруы атағын жеңіп алған Орынғұл Едіге сұлулығымен қатар, ақыл-парасаты және көркем тәрбиесімен тәнті етілті. Енді ол «Қазақстан аруы — 2022» байқауында Ақтөбенің атынан қатысуға дайындалуда.

МИСС АКТОБЕ

На национальном конкурсе моды «Мисс Актобе-2022» победу одержала студентка 2-курса специальности «Дизайн» профессионально-творческого факультета Zhubanov University Орынғұл Едіге. Юная красавица говорит, что именно дизайнерские способности сыграли решающую роль в ее успехе.

В этом году конкурс моды проходил в Актобе в 24-й раз. Участвовать в нем изъявили желание 700 актюбинок. В результате кастинга было отобрано 120 участниц, 32 из них вышли в финал.

Директор национального конкурса моды Нуржамал Мамутова сообщила, что в этот раз были предприняты особые организационные меры - в качестве режиссера-постановщика и хореографа конкурса был приглашен ташкентский специалист Алекс Грей, а хэдлайнером конкурса стал известный казахстанский певец Нурболат Канай.

А Орынғұл, завоевавшая титул «Мисс Актобе», поразила жюри не только своей красотой, но и интеллектом, и художественным воспитанием. Сейчас девушка готовится к участию от имени Актобе в конкурсе «Мисс Казахстан-2022».

MISS AKTOBE

At the national fashion contest "Miss Aktoobe-2022", the 2nd year student of the specialty "Design" of the professional and creative faculty of Zhubanov University Oryngul Edige won. The young beauty says that it was her design skills that played a decisive role in her success.

This year the fashion contest was held in Aktoobe for the 24th time. 700 Aktoobe women expressed their desire to participate in it. As a result of the casting, 120 participants were selected, 32 of them reached the final.

Director of the national fashion competition Nurzhamal Mamutova said that this year special organizational measures were taken - Tashkent specialist Alex Gray was invited as the director and choreographer of the competition, and well-known Kazakh singer Nurbolat Kanai became the headliner.

And Oryngul, who won the title of "Miss Aktoobe", impressed the jury not only with her beauty, but also with her intellect and artistic education. Now she is preparing to participate on behalf of Aktoobe in the Miss Kazakhstan-2022 contest.

☑ National holiday

Республика күні —



Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасы Президенті

Құрметті отандастар!

Баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қастерлі Тәуелсіздігімізге жол ашты. Сондықтан бұл тарихи құжаттың мән-маңызы зор. Біз биылдан бастап Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтеміз. Осы бастама жұрттың кең қолдауына ие болып, дәстүрге айналарына сенімдімін. Республика күні — халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Баршаңызды Қазақстанды белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі, мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да — азаматтар! Жаңғырған ұлттық мерекемізге орай өңірлерде бірлігіміздің символы — көк байрағымызды көтеруге арналған салтанатты рәсім өтеді. Бұл — ұрпақ санасында отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін маңызды шара. Көк туымыз — егемендік, азаттық, бірлік, бейбітшілік сынды ізгі құндылықтарды ұштастыратын қастерлі рәсім.

Біз — байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Сондықтан ту көтеру рәсімі ұлттық мерекенің маңызын арттырады. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз — айқын, мақсатымыз — ортақ. Біз тәуелсіздік туғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз — бір, мемлекетіміз — бір, халқымыз — бір.

Ендеше Әділетті Қазақстанды бірге құрайық! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Еліміздің егемендігі баянды болсын!



Ералы Тоғжанов
Ақтөбе облысының әкімі

Қадірменді ағайын!

Құрметті ақтөбеліктер!

Сіздерді ұлттық мерекеміз — Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке көпұлтты халқымыздың бірлігінің, туған өлкемізге деген шексіз сүйіспеншіліктің, ұрпақтар сабақтастығы мен дәстүрлер жалғастығының көрінісі болып табылады.

Ұлттық құрылтайдың алғашқы басқосуында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін берді.

«1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің

мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек», — деді Мемлекет басшысы.

Біздің жас республикамыз өз жолын күрделі жағдайда бастады, оның мойнында өз халқының болашағы үшін жауапкершіліктің ауыр жүгі тұрды.

Экономикалық байланыстардың күрт ыдырауы өрескел құнсыздануға алып келді, жалпы ішкі өнім құлдырап, бюджет қардарлығы орын алды, тұрғындардың табысы күрт төмендеді, жұмыссыздық жаппай етек алды. Бұл біздің жас мемлекетіміз бетпе-бет келген проблемалардың бір бөлігі ғана еді. Қысқа мерзім ішінде алдағы іс-қимыл жоспары жасалып, еліміз нарықтық экономикаға көше бастады.

Экономикалық жетістіктер нәтижесінде халықтың әл-ауқатынақты көтеруді қамтамасыз етудің жолы ашылды. Қазақстан «алуан түрліліктегі бірлік» принципі негізге алынған этникааралық келісімнің бірегей моделін құру мүмкіндігіне ие болды. Біздің еліміз халықаралық деңгейде мойындалып, зор беделге ие. Мұның барлығы әрбір отандасымыздың ерен еңбегінің жемісі: бір мақсат жолында жұмылған Қазақстан халқы егемен елімізді прогресс жолына бағыттай білді.

Қымбатты жерлестер!

Ақтөбе облысы осы жылдардың ішінде экономикалық көрсеткіштерінің өсуімен ерекшеленіп келеді. Біздің басты мақсатымыз — қол жеткізген биіктерімізді сақтап, одан әрі жоғарылай беру.

Сіздерге зор денсаулық, отбасы игілігін, еңбекте табыс, жаңа жетістіктер тілеймін! Сіздердің барлық бастамаларыңыз Отанымыздың дамуы мен гүлденуі жолына қызмет етсін!

Елімізде тыныштық пен тұрақтылық қанатын кеңінен жая берсін!



Лаура Қарабасова
Zhubanov University
Басқарма төрағасы-Ректор

Құрметті жерлестер!

Қадірлі әріптестер!

Баршаңызды Республика күнімен құттықтаймын!

Мемлекет басшысының шешімімен Республика күнін қайта жаңғыртып, ұлттық мереке деңгейінде атап өту — үлкен қуаныш. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданып, ерекше маңызға ие болды. Сондықтан бұл күнді ұлықтау — әрбір қазақстандық азамат үшін зор мәртебе.

Баршаңызды ұлттық мерекемен құттықтай отырып, елімізге тыныштық, тұрақты даму және отбасыңызға амандық тілеймін!



ҰЛТ МЕРЕКЕСІ



ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН

Республика күні — ұлттық мерекеде Zhubanov University Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рахым Бекназаров мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтқаны үшін Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.



Бекназаров Рахым Ағыбайұлы 1993 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, «Тарих, қоғамтану және мемлекеттік құқық мұғалімі» мамандығын алды, сол жылы тарих факультетіне оқытушы болып қабылданды. Ол 1994 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының іштей аспирантурасына оқуға түседі. 1999 жылы «Қазақтардың дәстүрлі тас қашау өнері» тақырыбында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

1999-2003 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих факультетінің аға оқытушысы, доценті болып жұмыс жасап, декан орынбасары, декан, «Қазақстанның ежелгі және ортағасыр тарихы» кафедрасының меңгерушісі әкімшілік қызметтерін атқарды.

2003 жылдың желтоқсанынан бастап Алматы қаласындағы ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты этнология және антропология бөлімінің докторанты болды. 2010 жылдың желтоқсанында «ХІХ ғ. — ХХ ғ. басындағы Солтүстік Арал маңының қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты докторлық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ЖАК доценті атанды (2009).

2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, АқМемПИ-дің ОМБ бастығы (2013), Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің ООМЖ бойынша проректордың м.а. қызметтерін атқарды (2014).

Рахым Бекназаров Ташкент қаласында Орталық Азияны зерттейтін Француз институтында (IFEAC) ғылыми тағылымдамадан өтіп, тәжірибесін арттырды. 2006 жылы Париж қаласында (Франция) Адам институтында Дидро бағдарламасы (MSH, Programme Diderot) шеңберінде тарих профессоры Винсент Фурньоның жетекшілігімен ғылыми тағылымдамадан өткен.

Тарихшы-ғалым 115-тен аса ғылыми мақалалар, 2 монография (біреуі біріккен авторлықта), 3 авторлық ұжым құрамындағы монография жариялады.

Қазақстан Республикасындағы және көршілес территориялар — Ресей, Моңғолия, Қытайдағы дәстүрлі қазақ этнографиясы, этноархеология, ескерткіштану, диаспорология салаларында ғылыми-зерттеу экспедицияларының маманы және ұйымдастырушысы. ҚР БҒМ 2 гранттық жобаның жетекшісі, 3 ғылыми гранттық жобаның бірлесіп орындаушысы болды. 2010 жылдан бастап ҚР БҒМ-нің ғылыми гранттық жобалар бойынша «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның сараптамашысы. 2015 жылдан бастап «Aqtöbe» телеарнасында ғылыми-көпшілік «Тарих тағылымы» бағдарламасын жүргізді.

2017 жылдың қаңтар айынан бастап Zhubanov University Ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры болып қызмет атқаруда.

Р.А.Бекназаров Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Ақтөбе өңірлік комиссиясының төрағасы. Комиссия құрамында университеттің 25 тарихшы-ғалымдары еңбектенуде. Олар XX ғасырдың 20-30-жылдары жазықсыз жазаланған адамдардың тізімін түгендеумен шұғылданауда.

«Қоғамдық ғылымдарға жүктелер міндеттің бірі — ұлттық патриотизмді ояту. Ал ұлттық патриотизмді оятатын тарих қана» — дейді профессор Бекназаров.

МАҢЫЗДЫ, ЗАҢДЫ ҚАДАМ



Ақылбек Қонысов
Zhubanov University «Құқықтану» кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,
Басқарма төрағасы-Ректор жанындағы Жастар кеңесінің мүшесі

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 25 қазанда қабылдаған «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы тәуелсіз мемлекеттілікке жету жолындағы маңызды қадам болды.

Декларацияның ерекше құндылығы — ол қазіргі заманғы либералды-демократиялық идеяларға сәйкес келетін мемлекет пен құқықтық жүйенің жұмыс істеуінің түбегейлі жаңа парадигмасын тіркеді. Бұл құжат коммунистік идеологиядан босатудың алғашқы заңды қадамы еді.

Декларацияны әзірлеушілер мен Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттарының 30 жылдан астам уақыт бұрын саяси тәуекелдердің сақталуына қарамастан, Конституциялық актіде халқымыздың мемлекеттік егемендік туралы сан ғасырлық арманын жүзеге асыру үшін батылдығы мен орасан зор тарихи еңбегін мойындау керек. Олардың декларацияны заң тіліне аударған және қазақстандық мемлекеттіліктің егемендігін белгілеген идеялары 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін алуға жақын-даты.

Сол кезде мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге ұмтылғандар сияқты, біз де өзіміз үшін және еліміз үшін лайықты болашақ туралы армандаймыз, жаңа, әділ Қазақстан құрғымыз келеді.

Мұндай болашақтың маңызды жолы — әділ, транспарентті сайлау. Елдің бүкіл құқықтық және институционалдық құрылымы әділ сайлау қағидаттарын қорғауы тиіс. Олар неғұрлым адал болса, лайықты көшбасшыны таңдау, болашақты егеменді мемлекеттілікке ұмтылғандардың армандары мен ұмтылыстарын көргендей етіп құру оңайырақ болады.

Біздің мемлекеттілігімізді одан да күшті ету, қиын күреспен алған егемендікті сақтау үшін отандастарымыз біріге әрекет етуі керек. Жас маман, жастар өкілі ретінде алдағы Президент сайлауының адал өтуі үшін отандастарымыз президенттікке кандидаттардың бағдарламаларын саналы түрде талдауға, Сайлау күні өздерінің азаматтық белсенділіктерін көрсетуге шақырамын.

☑ National holiday



Үмбетқан Сәрсембин
Zhuanov University «Қазақстан халқы
Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси
пәндер» кафедрасының меңгерушісі
философия ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы

— Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың I отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынған болатын. Көпшілік бұл ұсынысты жылы қабылдады.

Кез келген мемлекет үшін басты құндылық — оның өз алдына дербес мемлекет, егеменді ел ретінде дамуы. Ұлт үшін бұдан асқан жетістік, байлық бар деп айту қиын. Әрбір жетістіктің негізінде мемлекет мүддесі тұрады. Сол себептен «Ел егемендігі» дегенде оның қалай келгендігі, бүгінгі бізге қандай міндеттерді жүктейтінін білу қажет. Кеңес билігі кешегі 1980-жылдардың аяғында үлкен тоқырауға ұшырағанын мойындауға мәжбүр болды. Большевиктер құрған биліктің түбінде тығырыққа тіреліп, тоқырауға ұшырайтынын ұлт зиялылары көрегендікпен айттып кеткен еді. 1918 жылы «Қазақ» газетінде жазылған мақалада алаш зиялыларының «Большевиктер дәуіріне көпке бармас, бірақ большевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ көшкенше талайды болдырып, былғап кетер» деп айтқан сөздері тарихи шындыққа айналды. Сондықтан да 1990 жылы 25 қазан Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді тарихи күн ретінде зерделеу қажет. Тәуелсіздікті нығайту үшін егемендік керек. Тәуелсіздікті нығайту ісі жалғасады, ұрпақтан ұрпаққа табысталып отырады. Бұны жалғастыруда ерекше көзге түсетін ол — қоғамның өзіндік санасы. Өзіндік сана кез келген ел болашағына қатысты құндылықтарды тарихи негізде бойына сіңірген сайын оның болашағына қатысты түсініктің де, көзқарастың да терең қалыптасатыны анық.

Егемендік алғаннан кейін барлығы өз орнына оңай келе қалды деп айту қиын. Шындығын айтсақ біз кешегі патшаның жүргізген отаршылдық саясатының салдарынан, одан кейін Кеңес билігі тұсында жүргізілген әділетсіз саясаттың салдарынан көптеген құндылықтарымыздан, соның ішінде бетке ұстар адамдарымыздан айырылды. Елдің ғылымын, экономикасын уақыт талабына сай дамытатын талант иелерінің көбі сталиндік репрессияның құрбаны болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін осылардың барлығын орнына келтіру қолға алынды. Көптеген пайдалы істер атқарылды. Елдің егемендігін нығайтуда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Прези-



денті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі зор.

Жалпы Республика күнін ұлттық мереке ретінде атап өту жетістіктерді, алда тұрған міндеттерді зерделеу үшін қажет дер едім. Республика күнін атап өту егемендіктің мәнін ұлттық зерде биігінен ұғынуға жетелейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткендей, бұл күн елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамдарының символы болуы керек.

Елдің егемендігін зерделеу мен оның тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған дүниелердің барлығы да тарихилық принципті қажет етеді. Тарихилық принцип орын алған, сақталған, зиялылардың тағылымына айналған жерде арзан дүниелердің орын алмайтыны белгілі. Сондықтан да бұл күнді ұлттық мерекелер қатарында атап өтуде мемлекетшілдікті нығайту мәселесінің де тұрғандығы анық. Себебі тәуелсіздіктің тұғыры қашан да елдің дербес өркениетті мемлекет ретінде өмір сүруі болған. Дербестікті нығайтатын мемлекетшілдік сана. Бұл да мемлекетке қажет тарихтың идеясын дұрыс зерделеуден шығады.

Республика күніне орай түрлі шаралар ұйымдастырылды. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ қандай шара өтсе де, ол қоғамға ой салатын деңгейде өтуі тиіс. Философияда сандық өзгерістердің сапаға ауысуы деген ұғым бар. Мұның мағынасы санға емес, сапаға ауысқанда кез келген бастама қоғам игілігіне айналып отырады деген түсінікке сай келеді. Сол сияқты бұл мерекені атап өтуде, алдымен, тарихтағы тұлғалар тағылымы кеңінен насихатталса деген тілек бар. Мұны ел Президенті де бұған дейін айтқан болатын. Олар сол кездің өзінде түрлі қиындыққа қарамастан болашақ үшін мол мұра қалдырды. Тұлғалардың қалдырған мұрасы заманнан қалмайды. Мәселен, Алаш зиялыларын алып қарайық, олар аз уақыттың ішінде болашақ үшін өркениет жолындағы елдердің тәжірибесін игерді, сол жолдың деңгейінде елдің дамуына қажет дүниелерді жазып қалдырды. Ұлт зиялыларының ойынша, экономика, заң, саясат, білім, оқу мен ғылым қоғамда қалай жетілуі тиіс, жетілдіруде мемлекет, халық нені ескеруі керек? Осының барлығын олар ұрпаққа үйретіп кетті. Екіншіден, жаңа айтып өткен тәуелсіздік жылдарында атқарған істер де, жетістік те аз емес. Мұны да ескерген жөн.

Бүгінгі жаңа бастамаларды да қолдау қажет. Осының барлығын түйіндеп бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын ұстанымда болсақ, қоғам көп нәрседен әлі талай ұтады есептейміз. Түрлі саладағы әрбір басшы, қызметкер, зиялы адамдар елге жаны ашып қызмет етсе, оның тұрақтылығына өз үлестерін қосады. Қазір

біз әлемдегі геосаяси мәселелер ушыққан тұста өмір сүріп жатырмыз. Қазіргі жағдай ұлттық мүдде жолында біріккенде ғана кейінгі ұрпаққа пайдалы дүниелерді қалдыра алатынымызды есімізге салуда. Менің ойымша, егемендікті нығайтудағы тағылым өткенді толық біліп, бүгінгі дұрыс зерделеуден, болашақ үшін қамданудан шығатын тәжірибе деп айтар едім.

Қоғамның болмысы терең болуы үшін мемлекетке кеңес, халыққа бағыт беретін интеллектуалдар қажет. Нағыз зиялылардың мемлекет пен халықты біріктіріп отыратын тағылымының құндылығы осында.

Болашаққа қажет игіліктерді қалыптастыруда қоғам әлеуметтік танымның тереңдігіне мұқтаж. Ақын-философ Абай айтқандай, ата-бабамыздың бүгінгі бізден артық екі мінезі болған. Ол кездегі қоғам тәжірибесі мол адамдардың ақыл-кеңесіне бағынды. Екіншіден, намысшыл болған. Олар өз заманының шындығына сол уақытпен шектелмей, тарихты және болашақтың биігінен қараған. Тарихи жады күшті болды.

Соңғы уақытта елімізде қоғамдағы интеллигенцияның рөлін күшейту мәселесі қозғалуда. Негізгі міндет — жаңа буын ішінен ұлт зиялыларын қалыптастыру болып отыр. Бұл бастама болашақ үшін қажет. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда ата-бабаларымыз түрлі қиындықты, азапты күндерді басынан өткізді. Қиналса да болашаққа сенді, жаңа уақытқа үлкен үмітен қарады. Өздері сол күнге жетпесе де, түбі Тәуелсіздікке ұрпақтың қол жеткізетіндігін білді. Сол уақытта кеңес билігі өкілдерінің әділетсіздігінің зардабынан (аштық пен сталиндік репрессия) еріксіз босқынға айналған халықтың ашаршылықтан аман қалғаны елге оралды. Намысшылдықтың арқасында олардың бойындағы елдің болашағына деген үміт сөнбеген. Біз мұны да ұмытпауымыз керек. Ауызбіршілік қашан да қажет. Болашақ үшін еңбектену және керек. Біз бүгін осының барлығын ескеріп, қоғамға қызмет етсек, ертеңгі буын бұған құрметпен қарайды. Олар да ертең осы күннің тарихи мәнін зерделейді. Уақыт адам баласына бағынатын нәрсе емес. Ол тек бізден игі істерді талап етіп отырады. Сол себептен кез келген адамның қоғамына қызмет етудегі ерлігі оның болашағы үшін қажет. Кешегі Алаш зиялыларының тұлғасынан осыны да көреміз. Қашан да нағыз зиялы адамдарға, тарихи санаға деген сұраныс жоғары болған. Бүгін де солай. Бүгінгі күн — кісілік қасиеттер мен тұлғалық құндылықтарды біріктіріп, жоғарылатып отыратын уақыт. Сондықтан да еліміздің егемендігін сақтап, оны биікетеу жолында үздіксіз қызмет жасасақ, біз бұдан да жарқын жолға түсеміз, дамимыз.

✓ Winner of competition

25 қазан — Республика күні қарсаңында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбына эссе жазудан конкурс жарияланды.

Конкурс жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттің жарқын болашағына деген сенімін арттыруға бағытталған болатын.

Қазақстан бойынша конкурсқа 100 жас қатысып, 5 ЖОО студенті жеңімпаз атанды. Бес жеңімпаздың бірі — Zhubanov University «Химия-биология» білім бағдарламасының 3-курс студенті Жанар Абдуллаева.

Конкурс жеңімпазымен эксклюзив сұқбат. Жанардың арманындағы Қазақстан қандай екенін білген Гүлнара Дауылбайқызы.



мен Ақтөбеден жиналды. Мен жеңімпаз студенттермен Нобель сыйлығының лауреаттарымен бірге ұйымдастырылған таңғы ас кезінде таныстым, жазған эсселеріміздің мазмұнын талдадық. Соңында біз армандаған Қазақстан бір ел екеніне көз жеткізіп, бір толқында ойланатынымызды байқадық.

Сонымен қатар марапаттау рәсіміне барған уақытта ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев әрқайсымыздың эссе-мізді жеке оқып, таныс болғанын айтты және эссені бағалаушы тіл мамандары ерекшелігімізді атап өтті. Соның ішінде менің эссе-мнің ерекшелігі соңына жалғаған жыр жолдарымда екенін айтқан болатын.

— **Фотоларыңыздан көрдік, атақты адамдармен бірге тұрсыз. Олар жастарға не туралы мотивация берді?**

— ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі конкурс жеңімпаздарына Нобель сыйлығының лауреаттарымен таңғы аста, бір дастарқан басында отырып, қызықтырған сауалдарымызға жауап алуға мүмкіндік берді.

Шараға 2007 жылғы әлемдік Нобель сыйлығының лауреаты, Инчхон университетінің профессоры Пae Квон Чунг, U.S.Elite International бас директоры Трейша Торп және жаһандық "Мұғалім-2021" сыйлығының иегері Кейша Торп, бас футуролог және SAP Future Hub басшысы Мартин Везовски, тағы да басқа ғалымдар қатысып, конкурс қатысушыларына жылы лебіздерін арнап, Қазақстан экономикасы мен экологиясына қатысты мәселелер туралы өзіндік пікірлерімен бөлісіп, біздің сұрақтарымызға жауап берді.

Мен үшін осындай әлемдік тұлғалармен бір дастарқан басында отыру үлкен мәртебе болды!

— **Сіз армандайтын Қазақстанда шамамен қашан өмір сүреміз деп ойлайсыз?**

— Бұл сұраққа елең жолдарымен жауап қатқанды жөн көрдім:

Маған арман болған мына болашақ, Біраз уақыт кетіп қалады(ы) болжасақ, 5 немесе 10 жыл кетер көп болса, Тоқтаусыз мен жырлай берем егер де, Шіркін мынау ел тағдырын қозғасақ... Жазбамдағы көп нәрсе емес, зер салсақ, Орындалмас қиял емес, аңдасақ, Бұл арманның туар күні болмас алыс, Ұрпақтың тәрбиесін қолға алсақ!

— **"Жанардың арманындағы Қазақстанды" бірге құрайық, Жанар! Сұқбатыңызға рақмет!**

Жанардың арманындағы ҚАЗАҚСТАН

— **Жанар, қуанышыңыз құтты болсын! Сіз армандаған Қазақстанды қалай суреттегеніңіз жайында айтып берсеңіз..**

— Құттықтауларыңызға көп-көп рақмет!

Мен Қазақстанның келер шағы жастардың қолында екенін жаздым. Жаңа Қазақстанда менің замандастарым туған тілін құрметтейді, өз тілінде еркін сөйлейді, сонымен бірге әлемдегі ең озық, кем дегенде үш тілді меңгереді, бірақ Отанын шетелге айырбастамайды, иманы мен дініне берік болады, ата-баба мұра қылған салт-дәстүрімізді жаңғырта жүріп, аянбай еңбек етеді. Осындай жастар ғана елін сүйіп, оның дамуына бар күшін салады.

— **Эсседе сіз жазған мәселелер белгілі жайттар. Соның қайсысының шешіміне өз үлесіңізді қосып жүрсіз?**

— Қазір "Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста" деген сөз жиі айтылады және мен бұл сөзбен толықтай келісемін. Осы уақытқа дейін еріктілер қатарында болдым, олардың жұмысымен етене танысып, мен білетін жұмыс-

тардың ішіндегі ең сауабы мол жұмыс екендігіне көзім жетті.

Ең бастысы өз тілімді жетік білемін деп кеудемді керіп мақтана аламын, дегенмен қазақ тілінің сөз байлығы өте мол, әрі қарай игерсем деймін. Сонымен қатар әлемдік тілдерді меңгеруде өз бетімше жұмыс жасап жатырмын. Көптен бері ойлап жүрген жоспарым да бар. Ол алдағы уақытта тәрбиелік мәні бар туындыларымыздың жинағын кітап қылып жарияласам деген мақсат.

Оқуымды ойдағыдай аяқтап, елімнің дамып, өркендеуіне өз үлесімді қосарыма сенімдімін.

— **Конкурста жеңімпаз атанған құрбы-құрдастарыңызбен жақын танысып, конкурс тақырыбына байланысты өзара пікірлесу мүмкіндігі болды ма?**

— Бұл байқауға 100-ден аса жас қатысты. Соның ішінде 5-еуіміз дара шығып, жеңімпаз атандық. Жеңімпаздар Қазақстанның әр аймағынан: Тараз, Көкшетау, Қызылорда, Екібастұз және



Internship abroad

АМЕРИКАДАН

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында БҒМ-ге әлемнің жетекші зерттеу орталықтарында жыл сайын 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді тапсырған еді. Бұл бағдарламаның операторы болып министрлік жанындағы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ бекітілді. Осылайша шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімімен «Ғалымдарға арналған тағылымдама» санаты қосылды. Бюджеттен қаражат бөлінді. Тағылымдамаға қатысқысы келетін ғалымдардан қажетті құжаттарды қабылдау басталды. Тағылымдамадан өту мерзімі 12 айға дейін белгіленді. Ғалымдарға тағылымдамадан өтуге арналған 137 мамандық ұсынылды. Оларға екі және одан да көп академиялық рейтингтердің топ-250 позициясына кіретін 27 елдің 207 жоғары оқу орнында тағылымдамадан өту мүмкіндігі туды. Тағылымдамадан өту үшін жарияланған байқау ашық формада өткізіліп, қорытындысында 800 үміткердің 569-ы жеңімпаз қатарынан көрінді. Арасында Ақтөбе өңірлік Zhupanov University "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасының оқытушысы, қауымдастырылған профессор, Ph.D. Ботагөз Көрімбаеваның есімі де аталған болатын. Бүгінде Ботагөз Талғатқызы АҚШ-тың Вашингтон университетінде (The George Washington University) тағылымдамадан өтуде. Жас ғалыммен тағылымдама барысы жайлы сұрап, online сұқбат жүргізген едік.

Журналист Гүлнара Қараша.

— Америкаға Ақтөбеден сәлем! Қалайсыз, елді сағынасыз ба?

— Саламатсыздар ма! Сізге сұқбат беріп отырғаныма өте қуаныштымын! Мен де бәріңізге Америкадан сәлем айтамын!

Әрине, біздің елдей тарихы мен мәдениеті бай және ерекше сұлу табиғаты бар туған жеріңді сағынбау мүмкін емес. Отансүйгіштік сезім, әсіресе, өз еліңнен тыста жүргенде өте қатты сезіледі екен. Қазақстан азаматы болу шын мәнінде үлкен мәртебе екенін осы жақта жүріп терең ұғындым және әрқашан Қазақстаннан екенімді мақтан тұтамын. Сонымен қатар, ешкімге тәуелді болмай бейбіт заманда өмір сүріп жатқаныма ризашылық етемін.

Бастапқы кезде жергілікті жердің ауа райына, тұрмыс-тіршілігіне үйрену біршама уақытты алды. АҚШ-қа, Вашингтон қаласына келгеніме қазір 6 айға жуық уақыт өтті. Мен бұл жайда The George Washington University, Institute for European, Russian, and Eurasian Studies, Elliott School of International Affairs оқу орнындағы тағылымдама барысында ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысып жатырмын.

— Аты әлемге әйгілі Washington University мамандарды тағылымдамадан өткізу бойынша ең алдыңғы қатарда. Осы уақыт ішінде қандай тағылымдар алдыңыз? Қай бағытта біліміңіз бен білігіңізді шыңдап жатырсыз?

— Өздеріңіз білетіндей қазіргі кезде білім беру жүйесі, технологияның дамуы бойынша АҚШ алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі болып саналады. 2022 жылдың 16 мамырынан бастап GW университетінде «Leadership in Higher Education Management» бағдарла-

масы бойынша тағылымдамадан өтіп жатырмын. Осы уақыт аралығында көптеген профессорлардың сабақтарына қатыстым, ЖОО-ның департаменттерінің басшыларымен (Alumni Programs, GW's Office of Study Abroad) кездесулер болды. Атап кететін болсам, жазғы семестрде Dr.Engel, Dr.Woodman және Dr.Beecher профессорлардың лекцияларына қатыстым. Әр кездесуде АҚШ-тағы оқу үдерісіне қатысты бірнеше тақырыптарда пікірталас жүргіздік.

Осы лекцияларда біз АҚШ білім беру жүйесінің құрылымы, АҚШ-тағы университеттердің түрлері, АҚШ-тағы білім беру барысындағы 8 негізгі мәлімдеме, АҚШ білім беру жүйесінің ерекшеліктері, сондай-ақ АҚШ-тың орта мектептеріндегі оқу жүйесін талқыладық. Қазақстанның білім беру жүйесі мен АҚШ-тың арасындағы айырмашылықты салыстырдық. Бұл талқылаулар бізге АҚШ-тағы жоғары білім туралы көбірек білуге және университеттер мен халықтың өзгеру статистикасын көруге көмектесті. Сонымен қатар Gallaudet University, Northern Virginia Community College, The George Town University, University of Maryland университеттерінің инфрақұрылымы мен білім беру жүйесімен таныстық. Ғалым ретінде Америкадағы ең керемет кітапхананың бірі — Congress Library кітапханасында жұмыс жасауыма мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзімнің ғылыми-зерттеу жұмысымды жүзеге асырып жатырмын.

— Америкаға бірінші шығуыңыз ба? Алып жатқан әсерлеріңізді әлеуметтік парақшаңыздан көріп отырмыз. Қызыға қараймыз. Бос уақытыңыздағы сол саяхаттарыңыз жайлы айтып берсеңіз.



— Бұл менің алғаш келуім. Жалпы адам өз-өзін жетілдіру үшін көп уақытты жабық кеңістікте өткізуі емес (университет, кітапхана), сонымен қатар саяхаттауы қажет. Бос уақытында саяхаттағанды ұнатамын. Саяхатты дүниетанымды кеңейтудің бір жолы деп есептеймін. Саяхаттау барысында өзге елдің мәдениетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін білу, сонымен қатар жаңа қабілеттерге ие болу, комфорт зонасынан шығуға, кейде жұмыс туралы ойламау арқылы жұмысқа қажетті идеяны табуға болады. Нью-Йорк — АҚШ-тың ірі қаласының бірі және экономика мен өнеркәсіп орталығы. Бродвей көшесі, Азаттық мүсіні (Statue of Liberty), Эмпайр стейт билдинг (Empire State Building), Манхэттен және т.б. керемет жерлерден мәдени көзқарасымызды байытуға болады.

Әлемдегі ең керемет табиғи орындардың бірі — Ниагара сарқырамасына да жолымыз түсті. Ниагара сарқырамасы АҚШ пен Канаданың шекарасында орналасқан. Осы сарқыраманы жақыннан көрген кезде керемет сезімге ие боламыз.

Болашақта басқа да табиғаты керемет жерлерді менің facebook, instagram парақшаларымнан көре аласыздар.

— Тағылымдамадан жеке тұлғаңызға қандай қажетті дағдылар қалыптастырдыңыз?

— Технологиялар мен қоғамның тұрақты және үздіксіз дамуына байланысты адамдардың тиімді қызмет етуіне икемді дағдылар (soft skills) қажет. Бұл көбінесе әмбебап, мамандандырылған емес, жеке қасиеттер мен әлеуметтік дағдылармен байланысты. Қазіргі кезде өзіме кәсіби табысқа жетуге мүмкіндік беретін белгілі бір жеке қасиеттердің, эмоционалдық интеллектің, коммуникативтік құзыреттіліктің ұштасуын, сондай-ақ өз мақсаттарыма қол жеткізуге мүмкіндік беретін икемді дағдыларды қалыптастырып жатырмын.

— Алған тәжірибеден соң университеттің дамуына қатысты да біраз ұсыныстар айтатын боларсыз.

— Әрине, міндетті түрде жаңа идеялар мен трансформацияларды ұсынамын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының

СӘЛЕМ!

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде, 500 қазақстандық ғалымдарға арналған бағдарламасына және стипендиант атануыма қолдау көрсеткен «Болашақ» бағдарламасы мен Zhupanov University ректоры Лаура Карабасоваға және Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Людмила Мясниковаға қолдау көрсеткеніне ризашылығымды білдіремін. Біздің басты мақсатымыз шетелде үйренгенімізді Қазақстанда жетілдіру. Сол себепті жаңа идеялар мен трансформацияларды алдағы уақытта өз университетімізмен бөлісетін боламын.

— Ұмытпасам, сізде тағы бір жағымды жаңалық болды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің (қазіргі ҚР оқу-ағарту министрлігі) ғылыми жобаларға арналған грантын жеңіп алдыңыз. Ғылыми жобаңыз «Болашақ мұғалімнің желілік коммуникативті мәдениеті — жасөспірімдердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың кілті» деп аталады екен. Көпшілікті өзекті тақырып елең еткізді. Тарқатып берсеңіз.

— 2021-2022 оқу жылы мен үшін позитив пен жетістіктерге толы жыл болды. Жас ғалымдарға арналған конкурста «Болашақ мұғалімнің желілік коммуникативті мәдениеті — жасөспірімдердің

цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың кілті» атты ғылыми жобамыз қаржыландыруға ие болды. Жобаның мақсаты: болашақ мұғалімдердің желілік коммуникативті мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде болашақ мұғалімдерді қашықтан оқытуға дайындау және олардың желілік коммуникативтік құзыреттілігін арттыру. Бұл жобаның негізгі идеясы — білім беру мазмұнын жаңартуды қамтамасыз ету және студенттерге цифрлық кеңістікте еркін және бір уақытта қауіпсіз шарлау мүмкіндігін беру.

Қазіргі уақытта болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен коммуникативті мәдениетін қалыптастыруда желілік технологиялардың рөлі теориялық тұрғыдан негізделуде. Тиісті әдебиеттерді талдау негізінде желілік коммуникативті мәдениеттің артықшылықтары мен кемшіліктері, оны оқытудың тиімділігі, болашақ мұғалімдердің желілік коммуникативті мәдениетін арттыруға технологияның әсері зерттелді.

2022 жылдың 9 маусымында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Білім беру үдерісіндегі цифрлық трансформация және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «Болашақ мұғалімдердің желілік коммуникативтік мәдениетінің ерекшеліктері» та-



қырыбындағы баяндамды ұсындым. Қазіргі кезде бірнеше мақалалар дайындалып, баспаға ұсынылуда. Жұмыстар жүріп жатыр.

— Америкада білім беру саласының озық екенін білеміз. Бірақ онда да оқытушылар өз-өзін жетілдіруге мән беретін болар? Америкалық оқытушы-ғалымдардың кәсіби құзыреттілігі жайында не айтар едіңіз. Өз бақылауыңыз бойынша.

— Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту АҚШ-та білім берудегі маңызды шарттарының біріне айналған. Мұнда оқытушы-профессорлардың кәсіби педагогикалық құзыреттілігінің маңыздылығы білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен құндылықтарды жасауға, игеруге, мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруге бағытталған. Оқытушы-профес-

сорлардың табысты және сұранысқа ие болуы, кез-келген өзгерістерге дайындығы, жаңа жағдайларға тез және тиімді бейімделуі, кәсіби маман болуға ұмтылуын көрсетуі, білімін үнемі жаңартып отыруы АҚШ-та жоғары деңгейде қарастырылған. Сондықтан да, оқытушы-ғалымдар өз біліктіліктерін үнемі арттырып отырады. Жалпы АҚШ-та оқытушы-профессорлардың біліктілігін жетілдіруге үлкен қаражат бөлінеді және оқытушыларды ынталандыру жұмыстары жақсы жүргізіледі. Оқытушы-профессорларға арналған көптеген семинарлар (workshop) ұйымдастырылады. Медиа және ақпараттық сауаттылықты арттыруға да көп көңіл бөлінеді.

— Сұқбатыңызға рақмет! Елде аман-сау кездескенше! Сәт-тілік!



Region

Арнайы беттер
Әйтеке би ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

Әйтеке би ауданы — Ақтөбе облысының солтүстік-шығыс бөлігіндегі әкімшілік бөлініс. Аудан орталығы — Темірбек Жүргенов ауылы.

Ауылдық округтер саны — 15

Ауыл саны — 27

Құрылған уақыты — 1997 жыл

Жер аумағы — 36,8 мың км²

Тұрғыны — 24 895 адам (2019)

Ұлттық құрамы — қазақтар (93,68%), орыстар (4,05%), басқалары (2,27%).



Дархан Ермағанбетов
Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы әкімі

Дархан Ермағанбетов 1986 жылы туған. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің, Батыс-Қазақстан инженерлік-гуманитарлық, «НАРХОЗ» АҚ университеттерінің түлегі.


Еңбек жолын 2008 жылы Ақтөбе облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының іс жүргізу инспекторы болып бастаған.

Ақтөбе облысы білім басқармасының арнайы білім беру, интернаттық ұйымдар және балалардың құқықтарын қорғау бөлімінің жетекші маманы, бас маманы лауазымында қызмет атқарған.

Әр жылдары Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасарының бас маманы, Ақтөбе облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы, кейін облыс әкімі орынбасарының бас маманы болып жұмыс істеген.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бөлім басшысы болды. 2014-2019 жылдары Ақтөбе облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары болса, 2019 жылы Ақтөбе облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы лауазымын атқарды.

2020 жылы ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың келісімдерімен Дархан Ермағанбетов Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің лауазымына тағайындалды.



ӘЙТЕКЕ БИ

Әйтеке биді зерттеушілер Ж.Мұратбаев пен Ө.Қойшиевтердің пікірі бойынша Әйтеке би 1700 жылы қазан айында қайтыс болған. Ал туған жылы 1644 жыл деп белгіленіп жүр.

Әйтеке би Қасымұлы Самархан мен Бұқардың аралығындағы Қызбибі тауының етегінде дүниеге келген. Бейіті Науаи облысы, Нұрата ауданы, Сейітқұл қорымы деп аталатын қабірстанда. Қорымда Әйтеке бидің аталары — Ораздың, Тоғжанның, Ақшаның, әкесі Бейбектің бейіттері бар.

Әйтеке бидің атасы Ораз би (1299-1385) Тұран мемлекетінің негізін салушы, Самарқанды астана еткен Әмір Темірдің ең жақын бас кеңесшісі болған.

Темір мен Ұлықбектен кейін Самарқанның үшінші әміршісі болған Жалаңтөс батыр да Әйтеке бидің атасы.

Әйтеке бала жеті жасынан бастап Жалаңтөс батырдың, тағы бір атақты атасы Ақша ханның жанында болып тәрбие алады.

Самарқанға үздіксіз келіп-кетіп жататын хандар мен шахтарды, шетел елшілерін қабылдау, олармен ресми және достық жағдайда сөйлеу рәсімдерін көреді, басқару тәсіл-дәстүрін бақылайды.

Солардан небір шешендік, даналық сөздерді, тапқыр, мазмұнды, ұшқыр ойларды естиді, сана-сына сіңіріп, жастайынан көсем де шешен сөйлеуге төселеді.

Әйтеке өз дәуірінде жан-жақты білім алды. Ұлықбек медресесінде оқиды. Араб, парсы, шағатай,

өзбек, түрік тілдерін меңгереді. Темірдің, Ұлықбектің, Жалаңтөстің мемлекет басқару әдістерін көріп өседі. Ақша хан атасынан әділдік, ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренеді. Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрі мен дағдыларға жаттықты. Ұлықбек медресесінде Әйтеке дін, құқық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін оқиды.

Ұлықбек медресесінен соң Жалаңтөс салдырған сән-сәулетімен әйгілі тіллә-қари (алтынмен қапталған), Шердор (Арыстанды) медресесінде білім алады.

Самарқан маңындағы Нұрата аймағында мекен еткен алпыс мың үйлі алшындар мен қырық мың үйлі қарақалпақтардың және өзбектердің «Ұлыс биі» болып сайланғанда Әйтеке 21 жаста болған екен.

Жасынан зерек болып өскен Әйтеке би тұжырымы тапқыр, парасаты биік тұлға болып қалыптасады. Ел ішінде айтыс, дау туындағанда соңғы шешімді Әйтеке биден сұрайтын болған.

1680 жылы Салқам Жәңгірдің кіші баласы Тәукені хан етіп сайлауға қатысқан билердің арасында Әйтеке би ерекше белсенділік көрсеткен. Қолдаған. Тәуке хан таққа отырғаннан соң алғаш рет «Хан кеңесі» сайланады. Әйтеке би Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің он тоғыз жыл бойы мүшесі болады. Тәуке хан билердің қатысуымен 1684 жылы «Жеті



жарғы» заңын қабылдайды. Бұл заңның ел басын біріктіруге, халықтың әл-ауқатын арттыруға, ата дәстүрді сақтауға, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосқаны тарихтан белгілі. «Жеті жарғыға» Әйтеке би ұсынған баптарының ішінде екеуі белгілі. Ол — «Сүйек құны», «Өнер құны».

Әйтеке би 30 жасында кіші жүздің Бас биі болып сайланады.

Тәуке хан құрған Хан кеңесінің мүшесі болған жылдары Әйтеке би жыл сайын үш жүздің басшы-



БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



Әйтеке бидің Өзбекстандағы кесенесі.

лары мен ең беделді адамдары бас қосатын Ордабасында, кейін Құлтебе мен Ұлытауда өтетін құрылтайларға қатысып отырды. Осы құрылтайларда қазақ ұлтының бірлігі, әртүрлі даулар мен көзқарастар талқыланды. Әйтеке бидің беделі жоғарылап, онымен мемлекет қайраткерлері де, әскер басшылары да кеңесіп отыратын болған.

Ел басына күн туған, ең қиын кезде Әйтеке би Хан кеңесіне өз ұсыныс-ойларымен келген және тура айта алған, ел бірлігін мақсат еткен мемлекеттік қайраткер.

Құлтебе мен Ордабасындағы талай жеңіндарда оның рулық ойлау дәйегінен озық тұлға екендігі көрінеді.

1699 жылы көктемдегі кеңей-

тілген Хан кеңесінде халықты қырғыннан қорғау үшін қазақ елінің игі жақсыларына «Ат төбеліндей сіздердің байлығыңыз халыққа қорған бола алмайды. Кейбір мансапқұмар төрелер қалмақпен қақтығысты өздерінің бас пайдасына бұрып, хан тағына отырамын деген есекдәмелі арам ойдың орамына шомылып жүр... Көрініп тұрған қырғынның алдын алма-сақ, халық барлығымызға лағнет айтады» — деген екен. Өкінішке орай, бай сұлтандар бұл ұсынысқа мән бермей, аяқсыз қалдырды. Осы пікірге көңіл қойғанда мүмкін, зобалаң «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» болмас па еді деген ойлар мен болжамдар бар.

Төрелер арасы тату емес, бәсеке бар екендігін ескеріп, Әйтеке би Хан кеңесінде «Қалың қазақ ортасынан шыққан батыр көсем болып ел бастасын, сардар болып қол бастасын» деген ұсыныс айтқан еркін ойдың иесі. Оларды көрші мемлекеттерде оқытып, соғыстың ең алдыңғы қатарлы тәсілдерін үйрену қажеттілігін де айтқан тамаша тактик, стратег.

Әйтеке би Отан қорғау үшін көрші мемлекеттерден соғыс қару-жарақтарын, зеңбірек, мылтықтар алуды және оған қажет қаражатты бай, төре, сұлтандар дәулетінен шығаруды ұсынады. Байлықтарын қимаған дәулеттілерге бұл пікір ұнамады. Сөйтіп, сол 1699 жылы Әйтеке би Хан

кеңесін тастап шығады. Көп ұзамай, бір жыл уақыт ішінде ауырып, қайтыс болады.

Әйтеке би — шешен, қара қылды қақ жарған әділ қазы. Осы қасиеттері үшін халық Әйтекені «айыр тілді Әйтеке би» деп атаған. Ел жадында Әйтеке би айтқан билік пен шешендік сөздер, толғаулар көп сақталған. Мысалы, «Біреуге жақсылық жасасаң — жасыр, ал біреу өзіңе жақсылық жасаса — асыр» немесе «Өзгеден өзіңе жақсылық тілесең, өзеге жамандық жасама» депті.

Әйтеке бидің қайраткерлік тұлғасын ірілендіре түсетін тағы бір қасиеті — ол қазақ қауымын ерте бастыруға кедергі келтірер көртартпа үрдістерге батыл қарсы шыққандығында. Адамды, азаматты ата тегіне қарап емес, қабілетіне қарап бағалауға үндегендігінде. Сол арқылы халқына қамқор, еліне пана бола аларлық шын арыстардың көбейе түсуін көксегендігі.

Әйтеке би — ұрпағы жайылған текті жан. Оның Өтебас, Қараменде, Байтемір, Қосыбай, Жалтыр деген ұлдары және үш қызы болған. Ал қазіргі кезеңде бидің ұрпақтары Ақтөбеде, Ырғызда, Қарабұтақта, Алғада, Әйтеке би аудандарында, Қызылордада, Аралда, Өзбекстанда тұрады.

Әйтеке би туралы Ә.Кекілбаев — 1991 ж., Н.Әбуталиев — 1995 ж., Ж.Мұратбаев, Ө.Қойшиев, М.Есламғалиұлы — 2007 ж., үлкен зерттеулер, болжамдар, әдеби-көркем

шығармалар жазды.

Қазақстан Үкіметінің шешімімен 1993 жылы 24-25 маусымда Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында (қазіргі Әйтеке би ауданы) республикалық салтанат — Әйтеке биді еске алу күндері өтті. Ас берілді, ғылыми конференция өткізілді. Музей ашылды.

Әйтеке би атына Астанада, Алматыда, Ақтөбеде, Ақмерде, Жемде көшелер берілді. Астанада, Қарабұтақта, Қазалыда ескерткіштер қойылды. Ақтөбе облысында ҚР Президентінің 1997 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен Комсомол, Қарабұтақ аудандары біріктіріліп, Әйтеке би ауданы аталды.

Ақтөбе қаласында 2008 жылы 14 желтоқсанда Әйтеке биге ескерткіш қойылды. 2009 жылы шілдеде Өзбекстанда Науаи облысы Нұрата ауданында Әйтеке биге үлкен кесене тұрғызылды.

Мәскеуде Герасимов атындағы антропологиялық лабораторияда Әйтеке бидің бас сүйегі бойынша бет бейнесі жасалды. Бұл ғылыми жұмыспен академик О.Исмағұлов, тарих ғылымдарының кандидаты Т.Валуева мен Е.Веселовская айналысты. Облыстық музейде Әйтеке биге арнайы экспозиция жасалып, бюст қойылды. «Әйтеке бидің ақ жолы» деректі фильмі түсірілді.

Интернет материалдары бойынша.

Region

Арнайы беттер
Әйтеке би ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

БОПАЙ ХАНША

Ұлы даланың қайсар да батыр қыздарының бірі — Бопай Қасымқызы. Тарихта атын атауға тыйым салған кезеңнің кедергілерінен асып, саясаттың қамалын бұзып өтіп келген ел жадындағы батырлар мен арулар рухына бас ие отырып, түзде жалғыз жортқан жолбарыстай тағдыр кешіп, азаттық жолында шөйіт кеткен Кенесары Қасымұлының жауынгер қарындасы Бопай туралы айтсақ, ол — қазақтың қаһармандық эпопеясында:

Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Шығады сүйеп қарындас.
Қарындасың болмаса,
Жауда қалар жалғыз бас, —

деп жырланатын, жауға аттанып бара жатқан батыр ағаның өзі қайырылып сөз тастап, сенім артатын ержүрек қыздар сойынан. Майдан алаңында даңқы дәуірлеп тұрған Кир патшаны аттан ғана емес, тақтан да түсірген, түсіріп қана қоймай, басын алып, әскерін тас-талқан еткен сақтың батыр патшайымы Тұмар ханым — Томирис, қаһарман ару Зарина, қалмақтарға қарсы жорықтың қас батырларымен тізе қосқан Абылай ханның қызы Айтолқын, Қабанбай батырдың жары Гауһар мен қызы Назым көтерген ерлік туын кешегі боданға түсер заманда өз қолына алған Бопай ханшайым туралы Е.Бекмахановтың зерттеулерінде, т.б тарихи-танымдық кітаптар мен басылымдарда құнды мәліметтер берілсе, Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы мен Ілияс Есенберлиннің тарихи трилогиясында ханшайымның көркем бейнесі сомдалған. Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасында Бопай ханша Қарашаш атымен оқиғаға енген. Эпик ақын суреттеген Бопай — Қарашаштың болмысы:

Қарашаш ақылы дария, алтын басы,
Әйелдің ақ сұңқары, ханзадасы.
Өз басын мың қараға теңгермейтін,
Кененің кеңесінде ақылдасы.
«Дат!» — деді ханның өжет
Қарашашы,
Немере, хан Кененің қарындасы.
«Ханыша, не датың бар?» — деді Кене,
Аңырып тұрып қалды айналасы.
Сырттан қыз сілкінгендей беріп сыртын,
Талайдың айдынымен алған сұрқын.
Илді «Алдияр!» деп хан алдына,
Қалды ұйып үйдің іші, болды жұрт жым.
«Қамалым, хан данышпан,
Кенем — құтым,
Менің де сыртым бүтін, ішім түтін...

Хан Кенеден тұтқынға түскен күйші жігітті сауғаға сұрап алып, сол күйші күйіне ерекше ықыласты болған ержүрек арудың ерекше болмысын ақын «әйелдің ақсұңқары, ханзадасы», «өжет», «сырттан қыз» деген айрықша айқын-даулармен суреттейді. Поэмада ер мінезді арудың күйге деген шексіз сүйіспеншілігі мен сертінде тұрып, күйші жігіттің басына бостандық беруі асқақ болмысы мен жаратылысын, ерлерге бергісіз ерекшелігін танытады. Міне, ердің өзі тартынып қалар жорыққа ағасына тілекші, қолтығынан сүйеп шығар қарындас болып ілескен батыр қыздың болмысы көркем туындыда ғана емес, ақиқатында осындай.

Бопай — Абылайдың ұлы Қасымнан туған алты ұлдың ішіндегі жалғыз қызы. Қасым мен



оның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары, Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай атты ұлдар мен Бопай атты қыз туған екен.

Бопай Әбілхайыр ханның Сәмеке атты ұлына ұзатылады. Кейбір деректер бойынша, Сәмеке сұлтан және оның туыстары Кенесары хан бастаған қозғалысқа қосылудан бас тартады. Бопай ханша болса, ағасына тілекші әрі демеуші болып, өз бауырынан ербіген алты ұлын алып, әскерге келіп қосылады. Хан Кене бастаған майданға бастан аяқ қатысып, жау шебіне жорықтар ұйымдастырады. Ел мүддесі жолына басын тіккен қайсар ару осылай ағаны қолдар нағыз қарындастың хас үлгісіне айналады.

Белгілі тарихшы Е.Бекмаханов еңбегінде: «Өзінің әскери ерліктерімен Кенесарының қарындасы Бопайдың да даңқы шықты. Ол көтерілістің алғашқы күндерінен-ақ оның белсенді қатысушысына айналды. Ол өзінің күйеуі Сәмеке мен оның туыстары сұлтан Сартеке және Досан Әбілқайыровтарды да көтеріліске қатысуға шақырған екен, олар қарсы болған» (Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994.), — деп жазылған.

Бопай ханшаның өзімен бірге майданға кірген алты ұлының бірі — Нұрхан делінеді. Патша әскерімен болған бір шайқаста оның тұтқынға түскені туралы Е.Бекмаханов архив мәліметтерін келтіреді. Орыс әскерінің жүзбасы Лебедев тұтқындардың ішінде Кенесарының туған жиені, яғни Бопай атты қарындасының ұлы Нұрханның бар екенін және оның қатты қарсылық көрсеткендіктен жараланғанын жазады.

Кескілескен қан майдан, қабаққа қар, кірпікке мұз тоңған қаһарлы жорық әйел затының қолы да, жолы да емес. Десек те, ұлтымыздың тарихында ерлермен бірге ерлік жорығына аттанған қыздар аз емес екенін білеміз. Солардың бірегейі Бопай ханшайымның ерекше батылдығын, қайтпас қайсарлығын танытатын аңыз әңгімелер ел арасына кең тараған. Бопай ханша бұл қозғалыста алты жүз адамнан тұратын жасақты басқарады.

Жасақ әскерді көлікпен және ас-ауқатпен жабдықтауға міндетті болады. Көтеріліске қо-



сылмаған ел ішіндегі байлар мен сұлтандардың мал-мүліктеріне күш көрсетіп, тартып алуларына тура келеді.

Бопай ханшайым қатысқан ірі майдандардың бірі — 1838 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығының Аманқарағай дуанына жасалған шабуыл. Сондай-ақ ол 1847 жылдардағы қырғыз манаптарына шабуыл жасағанда Кенесары ағасымен бірге болады. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бопай ханшаның қасында көп қыз жасағы болған.

Олардың ішінде Арғын руынан шыққан Алтыншаш және Табын руынан шыққан Ақбөкен деген қыздар болған екен. Кеңес өкіметінің қуғынына ұшыраған қырғыз тарихшысы Белек Солтоноевтың «Қырғыз тарихы» еңбегінің «1847 жылғы Кене Ханның қырғызға екінші шабуылы» тарауында Кене хан қырғызға жорыққа аттанарда Бопайхан деген қарындасы: «түсімде самай шашым өртеніп кетті, қырғызға бармаңыз» дегені, хан ағасының оны тыңдамай, ақыры осы сапарда мерт болғаны туралы айтылады. Хан ағасы шөйіт кеткен соң бір жыл өткенде қырғыздардың қолына түскен қазақтарды және олардың ат-тон, мүліктерін Бопай ханша келіп, жиып әкеткен екен. Бопайдың бұл әрекеті оның еліне қаншалықты жанашыр, қамқор болғанынан да хабар береді.

Бопай ханша қазіргі Ақтөбе облысында, Ырғыз өзенінің бойында дүниеден өткен. Әйтеке би ауданында Бопай ханша атындағы ауыл бар. Батыр анамыздың зираты осы ауылға жақын төбешікте орналасқан деседі.

Елінің азаттығы жолында ерлермен қатар майдан алаңына кірген батыр қыз Бопай ханша да қаһарман арулар қатарынан орын алатын айтулы тұлғаларымыздың бірі ретінде ұрпақ жадында сақталуы тиіс.

Жанат Аймұхамбет,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Egemen Qazaqstan
01 Сәуір, 2021

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

ТУҒАН ЖЕРІМ — ҚАРАБҰТАҚ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде Әйтеке би ауданынан бакалавриатта 307, магистратурада 1 білім алушы оқиды. Ұстаздары білімге құштар, талантты, тәрбиелі студент деп жақсы көретін, мақтанатын студент Әділет Жеткергенұлы “Музыкалық білім беру” мамандығының 4-курсында білім алып жатыр. Университетішілік әр мәдени шараның жарық жұлдызы. Әділет “Музыка” пәнінен облыстық пәндік Олимпиаданың I дәрежелі диплом иегері (2019). FOX STAR Халықаралық ашық конкурс-фестивалінің Гран-при жүлдегері (2021), “Үздік студент” медалінің иегері (2021).

Дарынды жас университеттің Студенттер хорының белсенді мүшесі. Zhubanov University студенттік хорының көркемдік жетекшісі Мербол Құспанов елге танымал өнер иесі, оның еселі еңбегі нәтижесінде Студенттік хор бірнеше республикалық және халықаралық конкурс-фестивальдерде бас жеңімпаз атанды. Әділет Жеткергенұлын «ЖасART» триосының солисі ретінде де жақсы таниды. Үлгілі студенттің туған жеріне деген ықыласы ыстық, махаббаты ерекше.

— Туған жерім — Қарабұтақ. Тоғыз жолдың торабында орналасқан, жыл сайын инфрақұрылымы дамып келе жатқан ауыл. Кезінде аудан орталығы болды. Ауылымда балабақшадан, мектептен білім-тәрбие алып, үлкен өмірге аттандым. Көп уақыт көрмесем ауылыма сағынып жетемін. Өркендеп жатқан келбетіне сүйсініп қайтамын. Қазір Қарабұтақта екі бірдей ЖОББМ, амбулатория, екі балабақша, Жасөспірімдер спорт мектебі бар. Сонымен қатар көркем “Өкелер саябағы” ауылдастарымның сүйікті демалыс орны. Саябақты Қарабұтақта туып-өскен ақтөбелік ірі кәсіпкер ағамыз Қайрат Қойлыбаев туған жеріне тағзымы мен құрметі ретінде салып берді.

Ауылда сонымен қатар жаңа зәулім спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Салынып біткесін халық игілігіне айналасы сөзсіз.

Мен өзімнің туған жерімді әрдайым қадірлеймін, қайда жүрсем де мақтан тұтамын.

Әйгілі ақын-жазушылар Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ақтанов сияқты халық мақтаныштарының шабытын шалқытқан Қарабұтақтанмын деп кеудемді кере зор мақтанышпен айта жүремін.

Ата-анам да Қарабұтақта туып-өскен, білім алып, еңбек жолдарын осы ауылда бастаған.

Отбасымызда әкем, анам, әпкем және төтем бақытты өмір сүрудеміз. Әкем Алматыдағы зооветеринарлық институтын бітіріп көп жылдар мамандығы бойынша қызмет атқарды. Бірақ Қарабұтақтан аудан орталығы статусы алынғанда жұмыс орны қысқарғасын, күзетшілікке ауысты. Анамның мамандығы — мейірбике. Алдымдағы әпкем тұрмыста. Ол да осы университеттен “Биология” маман-



дығы бойынша жоғары білім алып шықты. Төтем болса зейнеткер.

Отбасымның маған артқан сенімі мен үмітін ақтап, үздік студент қатарында екеніме қуанамын!

Оқып жатырған мамандығым Кәсіби-шығармашылық факультетінің “Музыкалық білім беру” мамандығы. Бұл мамандыққа түскен себебім, бала кезімнен ән айтуға деген қызығушылығымнан деп ойлаймын. Мектеп табалдырығын аттаған кезден бастап осы өнерімді өзіме серік еттім. Көптеген аудандық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болдым. 2019 жылы осы мамандыққа түсер алдында шығармашылық олимпиадаға қатысып жүлделі бірінші орын иелендім. Соның нәтижесінде оқу ақысының 50 пайыз жеңілдігін ұтып алған болатынмын. Конкурста орындаған өнім “Туған жер” деп аталды.

Университетке түскен соң Данат Құрманғали, Ардақ Амантұрлы және мен, үшеуіміз “ЖасART” триосын құрдық. Көрерменге ұсынған алғашқы туындымыз “Студенттік өмір” өні. Ол әнді сөзімен жазып берген ауылдасым, жас сазгер Нұрәулет Бердібаев. Алғысымыз шексіз.

Болашаққа деген жоспарымыз өте көп. Жақын күндері арайлы Ақтөбе қаламызға арналған керемет өнімізді дайындап жатырмыз. Сәттілік тілеп қойыңыздар!

Арнайы беттерді дайындаған
Гүлнара Қараша



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ РЕКТОР САҒАТЫ

Zhubanov University Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова қазан айында барлық факультеттерді аралап, жаңа форматтағы ректор сағатын өткізді. Университеттің ашықтық саясатына бағытталған жүзде-сулерде ЖОО басшысы оқытушылар мен білім алушылардың ой-пікірлерін тыңдап, түрлі ұсыныстарына назар аударды. Әлеуметтік желідегі жеке парақшасында бұл жайында тұрақты жазып отырды. Ректор сағаты тарих факультетінен бастау алды.

Лаура Қарабасова бір кезде өзі академиялық білім алған факультет студенттеріне тұлғалық өсу мүмкіншіліктерін әңгімелейді. Тек бір бағытпен шектелмей, білімдерін әрі қарай жетілдіру жолдарына бағдар берді. Ректор сондай-ақ тарихшылардың өндірістік тәжірибе сапасын арттыру, түлектердің жұмысқа орналасуы, «Болашақ» бағдарламасының ерекшелігі, оқу үдерісіндегі қолданылатын платформаларды жақсарту мәселелері бойынша сұрақтарына жауап берді.

Экономика және құқық факультетінің білім алушылары ректорға академиялық ұтқырлық бағдарламасы, студенттерге қатысты ақпараттардың қолжетімділігі, кредиттік оқыту жүйесіне қатысты мәселелер, кәсіби мамандармен дәріс сағаттары, жұмысқа орналасуға қатысты толғандырылған сұрақтарын қойды.

Филология факультеті студенттері ректор сағатында өндірістік практика сапасы, аудиторияларды жабдықтау, сабақ кестесі, дипломдық жұмыс жазу туралы сұрақтарына жауап алды. Жаратылыстану факультетінде оқу лабораторияларындағы жабдықтарды жаңарту, интернет желісін жылдамдату сияқты мәселе көтерілді.

Ректор Л.Қарабасова кәсіби-шығармашылық факультетінде білім алушылардың аймақ мерейін үстеудегі ролін атап өтті. Себебі мұнда білім алушылардың көбі республика-

лық және халықаралық жарыстарда топ жарып жүрген спортшылар, әншілер, бишілер, қолөнер шеберлері мен суретшілер. Талантты жастар жұмысқа тұру, Ұлттық біліктілік тест тапсыру, магистратураға түсу секілді сұрақтар қойып, жалпы оқу процесіне қатысты мәселелерді талқылады.

“Дарынды студенттерді дайындау айтарлықтай қаржылық қолдауды қажет етеді. Спорт жабдықтары, музыкалық аспаптар, тігін машиналары, станоктар, мольберттер, дизайнерлік компьютерлік бағдарламалар және басқа жабдықтарды үнемі жаңартып отыру қажет. Музыкалық аспаптарда ойнайтын студенттерге жеке сабақтар өту керек”, — деп осы мәселелердің шешілуіне ықпал жасайтынына уәде берді.

Болашақ педагогтармен кездесу үстінде ректор: «Бүгінде педагог қызметінің маңыздылығы және оның өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілігі айтарлықтай артты. Сондықтан сіздер жаңа білім мен дағдыларды игеріп, білімдеріңізді үнемі жетілдіріп отыруларыңыз қажет. Бұл сіздердің болашақта-рыңыз үшін маңызды. Болашақ педагог ретінде тәрбие, саналылық, азаматтық позиция да сізден басталады», — деп кеңесін айтты.

Физика-математика факультетінің студенттері де ректорға өз талап-тілектерін жеткізді. Бұл университет тарихындағы ең алғаш құрылған, шежіресі мол, рейтингі жоғары факультет.

Ректор сағаты шарасы техникалық факультетте аяқталды. Жаңа форматтағы ректор сағаты ЖОО басшысының ұжым мүшелерімен жақын танысып, маңызды мәселелерді келісе отырып шешуге мүмкіндік берді.

Ректор сағаты аясында Лаура Қарабасова профессор-оқытушыларға жеке қабылдау жүргізіп, нақты ұсыныстарын қабылдады.

Ректор сағатына қатысқан Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Людмила Мясникова мен Стратегиялық даму жөніндегі проректор Дастан Хусаинов өз салалары бойынша қойылған сұрақтарға жауап берді.

РЕКТОРСКИЙ ЧАС В НОВОМ ФОРМАТЕ

В октябре председатель правления Zhubanov University - ректор Лаура Карабасова посетила все факультеты и провела ректорский час в новом формате. На встречах, посвященных политике открытости вуза, руководитель вуза выслушала мнения преподавателей и студентов и обратила внимание на их различные предложения. Об этом она регулярно писала на своей странице в социальной сети.

Взяли начало ректорские часы на историческом факультете. Именно здесь Лаура Карабасова получила первое академическое образование. В ходе встречи ректор рассказала студентам факультета о возможностях личностного роста и посоветовала не ограничиваться только одним направлением, делилась секретами совершенствования своих знаний. Ректор также ответила на вопросы будущих историков о повышении качества производственной практики, трудоустройстве выпускников, особенностях программы «Болашақ», совершенствовании площадок, используемых в образовательном процессе.

Студенты факультета экономики и права задавали ректору вопросы о программе академической мобильности, доступности информации о студентах, кредитной системе обучения, лекционных часах с практиками, трудоустройстве.

Ректор ответила на вопросы студентов филологического факультета о качестве производственной практики, оборудовании аудиторий, расписании занятий, написании дипломной работы.

На факультете естественных наук был поднят вопрос об обновлении оборудования в учебных лабораториях и ускорении работы интернет-сети.

Ректор Л. Карабасова отметила роль студентов профессионально-творческого факультета в содействии развитию региона. Поэтому что большинство здешних студентов -

спортсмены, певцы, танцоры, мастера и художники, которые показывают таланты и мастерство в национальных и международных соревнованиях. Молодые люди задавали вопросы о трудоустройстве, сдаче госэкзаменов, поступлении в магистратуру, обсуждали вопросы, связанные с общеобразовательным процессом. «Обучение талантливых студентов требует значительной финансовой поддержки. Спортивное оборудование, музыкальные инструменты, швейные машины, станки, мольберты, дизайнерские компьютерные программы и другое оборудование нуждаются в постоянном обновлении. Для студентов, играющих на музыкальных инструментах, должны быть доступны частные уроки», - сказала ректор.

В ходе встречи с будущими педагогами руководитель вуза отметила:

«Сегодня значительно возросла значимость деятельности учителя и его ответственности перед подрастающим поколением. Поэтому нужно осваивать новые знания и навыки и постоянно совершенствоваться. Это важно для вашего будущего. Ведь образованность, информированность и гражданская позиция общества начинаются с вас».

Студенты физико-математического факультета также представили ректору свои пожелания. Это самый первый факультет университета с многолетней историей и высоким рейтингом. Акция «Час ректора» завершилась на техническом факультете.

Ректорский час в новом формате позволил руководителю вуза поближе познакомиться с коллективом и решить важные вопросы. В ходе акции Лаура Карабасова проводила личный прием профессоров, выслушала их конкретные предложения. Проректор по учебной работе Людмила Мясникова и проректор по стратегическому развитию Дастан Хусайнов, принявшие участие в Ректорском часе, также отвечали на вопросы по своим направлениям.

RECTOR'S HOUR IN A NEW FORMAT

In October, the Chairman of the Board of Zhubanov University — Rector Laura Karabasova visited all faculties and held a rector's hour



in a new format. At the meetings devoted to the policy of openness of the university, the head of the university listened to the opinions of teachers and students and drew attention to their various proposals. She regularly wrote about this on her page on the social network.

The rector's hours beginning at the Faculty of History. It was here that Laura Karabasova received her first academic education. During the meeting, the rector told the students of the faculty about the possibilities of personal growth and advised them not to limit themselves to only one direction, shared the secrets of improving their knowledge. The rector also answered the questions of future historians about improving the quality of work experience, employment of graduates, the features of the Bolashak program, and improving the sites used in the educational process.

Students of the Faculty of Economics and Law asked the rector questions about the academic mobility program, the availability of information about students, the credit system of edu-

cation, lecture hours with practices, and employment.

From the Faculty of Philology the rector answered their questions about the quality of work experience, classroom equipment, class schedules, writing a thesis.

At the Faculty of Natural Sciences, the issue of updating equipment in educational laboratories and speeding up the Internet network was raised.

Rector L. Karabasova noted the role of students of the professional and creative faculty in promoting the development of the region. Because most of the students here are athletes, singers, dancers, craftsmen and artists who show talent and skill in national and international competitions. Young people asked questions about employment, passing state exams, entering a master's program, and discussed issues related to the general educational process. "Training talented students requires significant financial support. Sports equipment, musical instruments, sewing machines, machine tools, easels, design software and other equipment need constant updating. For students who play musical instruments, private lessons should be available," the rector said.

During the meeting with future teachers, the head of the university noted: "Today, the importance of the teacher's activity and his responsibility to the younger generation has significantly increased. Therefore, you need to master new knowledge and skills and constantly improve. This is important for your future. After all, education, awareness and citizenship of society begin with you."

Students of the Faculty of Physics and Mathematics also presented their wishes to the rector. This is the very first faculty of the university with a long history and a high rating. The Rector's Hour ended at the Faculty of Engineering.

The rector's hour in a new format allowed the head of the university to get to know the staff better and resolve important issues. During the action, Laura Karabasova held a personal reception with professors, listened to their specific proposals. Vice-Rector for Academic Affairs Lyudmila Myasnikova and Vice-Rector for Strategic Development Dastan Khusainov, who took part in the Rector's Hour, also answered questions in their areas.



✓ The year of children

ОҚЫТУ, ТӘРБИЕЛЕУ, ЖАҚСЫ КӨРУ

ҚР астанасы Астана қаласында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы» атты XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияға 1500-ден астам қазақстандық мұғалімдер мен ғалымдар, сондай-ақ Финляндия, Ұлыбритания, Корея, Эстония, Ресей, Сингапур, Нидерланды, Жапония, АҚШ, Австралия, Португалия, Испания, Мальта және Болгария елдерінің белгілі педагогтері келді. Атап айтсақ, Финляндиядағы Ювяскюль университеті тобының Educluster Finland инновациялар және сыртқы байланыстар жөніндегі директоры Дэвид Марш, Корея білім беруді дамыту институтының ғылыми қызметкері Сунг Жи Парк, Оксфорд университетінің Балаларды дамыту және оқыту профессоры Ирам Сираж (Ұлыбритания), Кембридж университетінің Емтихандық кеңесі өкілі Тим Оутс (Ұлыбритания), Жапониядағы Ұлттық білім беру саясатын зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Тошия Чичибу, Көптілді оқыту сарапшысы Питер Мехисто (Эстония).

Конференцияның күн тәртібі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинованың «Өзгермелі әлемде балаларды жан-жақты дамыту» атты ауқымды баяндамасымен айықталды.

Конференцияның жарқын сәтінің бірі — Нидерландыдағы сараптама және сертификаттау зерттеу орталығының «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына конкурстық іріктеуді аккредиттеу туралы RCEC сертификатын табыстау рәсімі болды. Сертификатты өзі табыстау үшін Қазақстан астанасындағы конференцияға RCEC директоры Арнольд Дж. Брауэр арнайы келді.

Үлкен шараға Zhupanov University Ақтөбе өңірлік университетінің 9 оқытушысы қатысты.

Солардың бірі жас ұстаз, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының оқытушысы, магистр, Басқарма төрағасы-Ректор жанындағы Жастар кеңесінің басшысы Райбек Сағадатов өз әсерімен бөліседі.

— Ауқымды жиынға қатысу мақсатымыз менің ойымша біріншіден, үздік, бәсекеге қабілетті педагогтерге еңбек нарығы мен білім беру қауымдастығының қояр заманауи талаптары мен жүктейтін жаңа міндеттерін анықтап, әрбір профессор-оқытушылық құрамы студентке өз пәнін игеру барысында оқу нәтижелерін жетілдіру үшін қажетті білімді игеру болды. Себебі анық: өңірге экономика мен өндіріс саласына қажетті кадрлар дайындау-

мен қоса педагогтерді даярлау да біздің міндет.

Екіншіден, бірыңғай білім беру саласына қатысты зерттеу жүргізетін әлемдік деңгейдегі танымал, ғылым мектебі қалыптасқан ғалымдармен нетворкинг, зерттеу нәтижелерімен танысып өңірдегі проблемаларды шешудегі зерттеу тақырыптарының аясын кеңейту, зерттеу жүргізуде әлемдік ғалымдармен коллаборация жасаудың алғы шарттарын қалыптастыру.



Үшіншіден, білім беруді ұйымдастыру мен оқыту әдіс-тәсілдерінің негізін меңгеріп, лекция, практикалық сабақтарды жоғары мектеп принциптеріне сәйкес ікемдеп, әдістемелік қоржынды толтыру.

Ал енді заңды сұрақ, мақсатымызға қол жеткіздік пе? Мендегі жауап, иә, әрине. Алдағы уақытта профессор-оқытушылар өздерінің ғылыми-шығармашылық жұмысының барысында аталған мақсаттардың орындалғандығын көрсетеді деген сенімдемін.

Негізгі ойға келер болсам, «Оқыту, тәрбиелеу, жақсы көру: Қазақстандағы Балалар жылы» деп аталған конференция келесідей есте қалды:

1) Спикерлер-ғалымдардың келу географиясы бойынша. Финляндия, Ұлыбритания, Корея, Эстония, Ресей, Сингапур, Нидерланды, Жапония, АҚШ, Австралия, Португалия, Испания, Мальта және Болгария.

2) Конференция контенті. Баланы құрсақтан бастап студент болғанша дейін тәрбиелеудің, оқитудың, жақсы көрудің сан қырлы жолдары мен әр алуан бағыттары толығымен қамтылды.

Ерекше ұнағаны «Балаларға арналған қауіпсіз және жайлы орта» секциясы. АҚШ пен Сингапур университетінің лекторлары Энн Тейлор мен Альберт Лиангтың тәжірибесі шын мәнінде таңқалдырды.

3) Ортақ мақтаныш. Конференция барысында еліміздегі білім бе-

ру қауымдастығына қатысты құнды еңбек «Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер» монографиясының таныстырылымына қатыстық. Кітап авторлары Аида Сағынтаева, Әсел Қамбатырова, Айнұр Әлмұхамбетовамен жүздесіп, монографияны өз университетімізде педагогтерді дайындауға бағытталған білім беру бағдарламаларының студенттеріне академиялық жазу, ғылыми-педагогикалық зерттеу пәндерінде, семинар сабақтарда негізгі оқулық ретінде қолданатынымызды, кітапта берілген практикалық құралдар зерттеуге машықтандыруға таптырмас құрал екендігі турасында ой бөлістік. Бұл кітаппен жеке кітапханамдағы қорды толықтырдым. Қуанып айтар бір жайт, аталған кітап ауыл мектептеріне тегін таратылып берілді, осы қарекетті ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі деп санадым. Авторлардың бірі ретінде біздің ректор Лаура Карабасовамен мақтанып қалдық.

4) Конференцияның үшінші концепті «Жақсы көру» дегенімен ерекше. «Әр балаға жүрекпен берілген білім берекелі болмақ» деп осыдан бірнеше бір жыл тұжырымдағаным бүгінде өзекті екендігін көрсетті. Ұстаз бен шәкірт бірлігі білімге деген махаббатта... Ұстаз бен ата-ана бірлігі балаға деген махаббатта... Ұстаз бен мемлекет (билік) бірлігі елдің болашағына деген махаббатта...



Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ КРЕАТИВТІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақтөбеде аймақ басшысы Ералы Тоғжановтың қатысуымен «Ақтөбе — мүмкіндіктер мекені» тақырыбында креативті жастармен еркін кездесуі өтті.

Бас қосуға жоғары оқу орындарының білім алушылары, еріктілер қатысты.

Ералы Тоғжановтың дарынды жастардың бас-тамаларын іске асыруда жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты. Ол әлемдік тұлға, әнші Димаш Құдайберганді, «RobiGroup» компаниясын құрып, елімізде алғаш рет адам тектес робот құрастырған Ермек Серікбайды, «Thousand IT Group» компаниясын құрып, 30-дан астам мобильді қосымша ойлап шығарған Айболат Құлатайды жастарға үлгі етті.

Кездесуде еркін пікір алмасылып, жастар көкейіндегі сұрақтар мен ұсыныстар айтылды. Өңір жастары облыста Технологиялық парк құру жайы, жастарға арналған жеңілдетілген тұрғын үй мәселесін қарастыру бойынша ойларымен бөлісті.

Шараға «Jaiq Non-Profit Organization» директоры Ибрагим Ташим, Білім саласының тұрақты даму қорының басшысы Данияр Тоқтарбаев, Қазақстандағы алғашқы инклюзивті фитнес-орталықтың негізін қалаушы Динара Наумова, «АСАР-УМЭ» қорының негізін қалаушы Асхат Нұрмашев қонақ ретінде қатысып, табысқа жету жолындағы тәжірибелерімен бөлісті.

Облыс әкімімен кездесуде Zhubanov University жастары белсенділік танытты. Олардың тарапынан облыс жастары мен жастар ұйымдарының басын бір арнаға тоғыстырып, синергия қалыптастыруды мақсат етіп, тәулік бойы жұмыс істейтін «Zhastar» штабын құру, FridayHub креативті жастардың тұрақты кездесу платформасын құру, ЭКСПО секілді идеялар көрмесін ұйымдастыру сияқты ұсыныстар айтылды.

ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ВСТРЕТИЛСЯ С ТВОРЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖЬЮ

В Актобе состоялась свободная встреча акима области Ералы Тоғжанова с креативной молодежью на тему «Актобе — край возможностей». В мероприятии приняли участие студенты высших учебных заведений и волонтеры.

Ералы Тоғжанов заявил, что готов оказывать всестороннюю поддержку в реализации инициатив талантливой молодежи. Глава региона привел в пример для подражания мировую знаменитость, певца Димаша Кудайбергенова, основателя компании «RobiGroup», создавшего первого в стране человекоподобного робота Ермека Серикбая, и основателя компании «Thousand IT Group», изобретшего более 30 мобильных приложений, Айболат Кулатая.

В ходе встречи состоялся свободный обмен мнениями, обсуждались вопросы и предложения, касающиеся молодежи. Активисты поделились своими мыслями о создании Технопарка в регионе и просили рассмотреть вопросы упрощенных жилищных программ для молодежи.

В мероприятии приняли участие директор «Jaiq Non-Profit Organization» Ибрагим Ташим, руководитель фонда устойчивого развития образования Данияр Тоқтарбаев, основатель первого в Казахстане инклюзивного фитнес-центра Динара Наумова, основатель фонда «АСАР-УМЭ» Асхат Нұрмашев, которые поделились опытом на пути к успеху.

Активность в ходе встречи с акимом области проявили студенты Zhubanov University. Они внесли предложения о создании круглосуточной штаб-квартиры «Жастар», постоянной площадки для встреч креативной молодежи FridayHub, организации выставки идей по типу ЭКСПО. Все эти инициативы будут проведены с целью создания синергии за счет привлечения молодежных лидеров области и молодежных организаций в одном направлении.

YERALY TOGZHANOV MET WITH CREATIVE YOUTH

In Aktobe, a free meeting of the oblast akim Yeraly Togzhanov with creative youth on the topic "Aktobe - the edge of opportunities" was held. The event was attended by students of higher educational institutions and volunteers.

Yeraly Lukpanovich said that he was ready to provide all possible support in the implementation of talented youth initiatives. The head of the region cited world celebrity singer Dimash Kudaibergen, the founder of the «RobiGroup» company, who created the country's first humanoid robot Yermek Serikbay, and the founder of the «Thousand IT Group» company, who invented more than 30 mobile applications, Aibolat Kulatay, as an example to follow. During the meeting, a free exchange of views took place, issues and proposals concerning youth were discussed. The activists shared their thoughts on the creation of a Technopark in the region and asked to consider the issues of simplified housing programs for young people. The event was attended by the director of the Jaiq Non-Profit Organization Ibragim Tashim, the head of the Fund for Sustainable Development of Education Daniyar Toktarbayev, the founder of the first inclusive fitness center in Kazakhstan Dinara Naumova, the founder of the ASAR-UME fund Askhat Nurmashiev, who shared their experience on the way to success. Zhubanov University students showed activity during the meeting with the regional akim. They made proposals on the creation of a round-the-clock headquarters «Zhastar», a permanent platform for meetings of creative youth FridayHub, the organization of an exhibition of ideas similar to EXPO. All these initiatives will be carried out with the aim of creating synergy by attracting the youth leaders of the region and youth organizations in one direction.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

ЖАСТАРДЫҢ МАМАНДЫҒЫ — БОЛАШАҒЫ

«Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», — деп көрсеткен болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында. Жастардың мамандығы — болашағы. Сондықтан қазір елімізде «Мамандығым — болашағым» жобасы іске аспақ. Жоба жетекшісі Самғат Ермекбаев жуырдағы сапарында Zhubanov University жаңа мамандықтар атласын жасаушы өңірлік драйвер ретінде бекітілгенін мәлімдеді. «Университет ректоры Лаура Қарабасова және оның командасымен кездесіп, «Мамандығым-болашағым» жобасы жайлы презентация өткіздім. Аталған жобаның негізгі мақсаты — Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әр өңірдің экономикасын дамыту үшін қажетті жаңа мамандармен қамтамасыз ету. Сонымен қатар Ақтөбе облысын кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандартын әзірлеу.

Жоба өндіріс орындары мен университет арасындағы байланыстың жаңа сатыға көшуіне, еңбек нарығын зерттеуге мүмкіншілік береді.

Сонымен қатар, өңірлік стандарт арқылы алдағы уақытта өңірге қандай мамандар қажет екенін анықтау, мектеп түлектерінің жеке ерекшеліктері, кадр тапшылығын қысқарту, өңірдің инвестициялық

будущее». Основной целью данного проекта является обеспечение новыми кадрами, необходимыми для развития экономики каждого региона в соответствии с поручением Президента К.Токаева. Параллельно ведется разработка регионального стандарта кадрового обеспечения Актобинской области. Проект дает возможность перейти на новый уровень коммуникации производства и вуза, изучить рынок труда. Кроме того, через региональный стандарт необходимо определить, в каких специалистах нуждается регион в будущем, личные характеристики выпускников школ, снижение дефицита кадров, повышение инвестиционной привлекательности региона и уровня доходов населения. По этим вопросам будет проведена работа», — сказал С.Ермекбаев.

На основе пилотного проекта «Моя профессия — мое будущее» будет создан атлас новых профессий и компетенций по 9 направлениям.

THE FUTURE OF YOUTH IN THE PROFESSION

“Young people should try to master all the intricacies of a particular profession. There is always a demand for masters of their craft. Young people should be able to compete not only in Kazakhstan, but also in other countries”, - Head of State Kassym-Jomart Tokayev said in his Message to the people of Kazakhstan 1 September of the current year. Youth is the future. Therefore, the project “My profession is my future” will be



тартымдылығын және жалпы халықтың табыс деңгейін арттыру т.б. мәселелер бойынша жұмыстар атқарылатын болады», — деді С.Ермекбаев.

«Мамандығым — болашағым» пилоттық жобасы негізінде 9 сала бойынша жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы жасалатын болады.

БУДУЩЕЕ МОЛОДЕЖИ В ПРОФЕССИИ

“Молодые люди должны попытаться освоить все тонкости конкретной профессии. Всегда есть спрос на мастера своего дела. Молодежь должна иметь возможность конкурировать не только в Казахстане, но и в других странах”, - сказал Глава государства Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана 1 сентября текущего года. Молодежь — это будущее. Поэтому в стране будет реализован проект «Моя профессия — мое будущее».

Руководитель проекта Самғат Ермекбаев во время своего недавнего визита сообщил, что Zhubanov University утвержден в качестве регионального драйвера для создания нового атласа специальностей. «Я встретился с ректором университета Лаурой Карабасовой и ее командой, провел презентацию проекта «Моя профессия — мое

implemented in the country.

Project manager Samgat Yermekbaev during his recent visit said that Zhubanov University has been approved as a regional driver for creating a new atlas of specialties. “I met with the rector of the university Laura Karabasova and her team, and made a presentation of the project “My profession is my future”. The main goal of this project is to provide new personnel necessary for the development of the economy of each region in accordance with the instructions of President K. Tokayev. At the same time, a regional staffing standard for the Aktobe region is being developed. The project provides an opportunity to move to a new level of communication between production and the university, to study the labor market. In addition, through the regional standard, it is necessary to determine what specialists the region needs in the future, the personal characteristics of school graduates, reducing the shortage of personnel, increasing the investment attractiveness of the region and the income level of the population. Work will be carried out on these issues,” S. Yermekbaev said.

Based on the pilot project “My profession is my future”, an atlas of new professions and competencies will be created in 9 areas.

Басты жаңалықтарды дайындаған
Айгерке Сұлтанбекова

Presidential elections — 2022

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ — ӘР АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Лаура Қарабасова
Zhupanov University ректоры

Соңғы үш жылда ғылым және жоғары білім саласында оң өзгерістер орын алғанын білесіздер.

Өз мысалымда қарастырайын. Былтыр батыс өңіріндегі ең ірі жоғары оқу орындарының бірі, 15 мың студенті бар Zhupanov University тізгінін қолыма алдым. Осылайша еліміздегі және университет тарихындағы ең жас ректор болдым. Ол кездегі мойныма артылған үлкен жауапкершіліктің жүгін жеткізе алмаппын. Өзім кезінде білім алған университетке басшы болып келемін деген ой ешқашан болған емес.

Алайда елде басталған трансформацияның нәтижесінде мен білім беру саласының менеджері, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті зерттеушіден университет ректорына айналдым. Маған өңірдегі жоғары оқу орнында трансформация жүргізу міндеті қойылды.

Бұл өзгеріс ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарды ел басқару ісіне тарту бастамасымен ғана мүмкін болды!

Осы бір жарым жылға жуық уақыт ішінде ардагер ұстаздарымыз, жас мамандар, оқытушылар мен студенттердің қолдауымен университетімізді жаңа даму сатысына көтеру үшін жұмыс істеп келеміз. Барынша ашық болуға тырысамыз. Жоғары білім мен ғылым саласындағы соңғы нақты

өзгерістердің бірқатарына ғана келер болсақ:

- Биыл университетіміздің 5 мыңнан аса студентінің шәкіртақысы өсті.

- Биыл жылына жалпы сомасы 278 млн теңге болатын 22 ғылыми жобаны жүзеге асырдық.

- 2019 жылға дейін мұндай зерттеу жобалар байқауы үш жылда 1 рет өтетін болса, қазір жылына 5 рет өткізіледі.

- Биыл алғаш рет «Жас ғалым» жобасы бойынша 9 әріптесіміз жақсы жалақыға ие болып, алаңсыз ғылыммен айналысуға мүмкіндік алды.

Бұл — мемлекеттің ғылымға көрсетіп отырған жүйелі қолдауы. Білім мен ғылымның жанашыры ретінде бұл қолдау жылдан жылға арта берсе деймін. Ал сапа мәселесі осы саладағы әр маман үшін басты орында болуы керек. Жастарға сенімді іс жүзінде көріп отырмыз. Елдегі реформаларды басқаша жүзеге асыра алмаймыз. Қазіргі алған бағыт айқын, таңдауым да анық. Бұл пікірді жеке тәжірибемге сүйеніп айтамын. Алдағы Президент сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаевтың сенімді өкілі әрі облыстық штабтың мүшесі ретінде қолдау көрсетемін.

Сайлауға қатысу — әр адамның азаматтық құқығы. Дұрыс шешім сенім мен жауапкершілікке негізделеді.

Facebook парақшасынан



МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ — МЕНІҢ БОЛАШАҒЫМ!

Азат Оразалин,
облыстық жастар ресурстық орталығы
Жастар бастамаларын қолдау және
ұйымдастыру бөлімінің басшысы

Қазір біз үлкен өзгерістер мен тарихқа алтын әріптермен жазылатын уақытта өмір сүріп жатырмыз. Өйткені, бәрімізге белгілі, елімізде үлкен саяси трансформация кезеңі жүріп жатыр.

Нақтырақ айтар болсақ, жалпыхалықтық референдум өткізіліп, Ата Заңымыздың үштен бір бөлігі толығымен жаңарғаны біз үшін жаңа кезеңнің бастамасы болды. Сонымен қатар ауыл округі әкімдерін бұрынғыдай мәслихат емес, енді жергілікті тұрғындардың өзі сайлайтын болады. Осындай саяси реформалардың жалғасы ретінде Президент сайлауын айта аламын. Бұл сайлаудың жаңашылдығы — Президенттің бір ғана мерзіммен жеті жылға сайлануы. Бұндай Президент сайлауы әлем бойынша демократиялық елдерде де жоқ.

Ал ТМД елдерінің арасында Қазақстан алғашқы мемлекет болып қабылдады. Бұл халықтың үні, дауысы мемлекетіміз үшін маңызды екенін көрсетеді. Сондықтан 20 қарашада өтетін Президенттік сайлау — қазақ елі үшін маңызды оқиға.

Қазақстан жастар саны бойынша ТМД елдері арасында алғаш үштікке кіреді екен. Сол үшін де, әсіресе жастардың сайлауда белсенді болуы қажет шығар. Мен де жаспын және алдағы жеті жылда еліміздің қандай саяси, экономикалық бағытты ұстанатыны мен үшін маңызды.

Сондықтан сайлауда белсенді болып, қоғам алдындағы азаматтық міндетімді өтеп, сайлауда дауыс беремін. Қоғам болып болашағымызды бүгіннен бастап қалыптастырайық. Ал болашағымыздың қандай болатыны тікелей біздің таңдауымызға байланысты. Сондықтан 20 қараша күні өз таңдауымызды жасайық!

aqtobegazeti.kz

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҮМІТКЕРЛЕР

Президенттікке үміткер ретінде тіркелген бірінші өтініш беруші қазіргі Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Тоқаев** болды. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 69 жаста. Оны Парламенттегі үш партия мен ондаған қоғамдық ұйым біріккен Халық коалициясы ұсынды.

Екінші президенттікке үміткер **Мейрам Зекешұлы Қажықен** 61 жаста, «Аманат» кәсіподақтар бірлестігі ұсынған. «Астана» халықаралық ғылыми көшениінің экономикалық зерттеу институтын басқарады, қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институты директоры. 2000 жылдары Қазақстан премьер-министрінің кеңесшісі, Индустрия және сауда министрілігі өндіріс және ғылыми-техникалық даму комитетінің төрағасы болған. Экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Үшінші үміткер **Жигули Молдақалықұлы Дайрабаев** 67 жаста, «Ауыл» партиясынан кандидат. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының агроөнеркәсіп көшені комитетін басқарады. 2019 жылдың желтоқсанынан 2022 жылдың маусымына дейін «Қазақстан фермерлер одағы» ассоциациясы президенті қызметін атқарған. 1970 жылдары Жамбыл облысы Луговой ауданындағы «Коммунизм жолы» колхозында комсомол ұйымының хатшысы, совет кезіндегі қайта құру жылдары Луговой ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз басқармасының төрағасы болған.

Төртінші үміткер **Қарақат Жақсылыққызы Әбден** 48 жаста, оны «Кәсіби әлеуметтік жұмысшылар ұлттық альянсы» ұсынған. Биыл мамырда Президент жанындағы әйел істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия құрамына енген. Әр жылдары мемлекеттік саясат ұлттық мектебі директорының орынбасары, «Нұр Отан» партиясында (биыл наурызда атауы «Аманат» болып өзгерген) инновация комитетінің инспекторы болып істеген. Астана қалалық мәслихаты депутаты болған. 2019 жылы шыққан «Сен қазақтың қызысың. Мақтан ет!» танымал кітап авторы.

Бесінші үміткер **Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова** 48 жаста, «Қазақ аналары — дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынған. Былтыр наурыздан Президент жанындағы әйел істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары. Әр жылдары Жоғарғы Сотта, өзге де мемлекеттік органдарда қызмет атқарған, Қазақстан бас прокуратураның ерекше тапсырмалар жөніндегі аға көмекшісі болған. Бас прокуратура институты директоры болып істеген. Құқық қорғаушы.

Алтыншы үміткер **Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев** 65 жаста. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия ұсынған. Кезектен тыс сайлауға саяси ұйымнан президент болуға үміткер таңдау барысында ЖСДП ішінде өткен праймеризде өзгелерден озып шыққан.

Сайлау науқаны 18 қарашаға дейін жалғасады.



Дайындаған Г.Қараша

☑ Rest at nature

КҮЗГІ БАҚТАҒЫ TEAM BUILDING



Zhubanov University ұйымшыл ұжым қалыптастыруға бағытталған шара — күзгі бақта team building өткізді. Оған университет Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова және әкімшілік ұжым, факультет декандары, құрылым басшылары қатысты.

«Ақтөбе өңірінің экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени драйвері болуда Zhubanov University алдында үлкен стратегиялық міндеттер тұр. Адалдық принциптері негізінде академиялық саясат пен барлық ішкі бизнес процестер трансформациялануда.

Әрине, трансформация жұмыстарының нәтижесі адами ресурстардың сапасына және ұжымдағы ауызбіршілікке байланысты.

Команданы нығайту күнделікті процесс, десе де осы бағыттағы жұмысты жалғастыра береміз. Басшының мықты болуы мықты ұжымнан. Сондықтан бір апта басқарма мүшелері, құрылым басшылары, декандар мен кафедра меңгерушілерінің қатысуымен "Кәсіби эмоционалды шаршаудың алдын алу" тақырыбында екінші психологиялық тренингімізді өткіздік. Тренингті психоаналитик, Орталық Азиядағы психоанализ мектебінің басшысы Светлана Қуаныш жүргізді. Тренинг

барысында әріптестеріміз іскерлік қарым-қатынас құру ерекшеліктері, эмоцияны басқару туралы білімі мен тәжірибелерін дамытты.

Ал бүгінгі демалысымызды әр түрлі құрылым мен факультет өкілдерінен тұратын ұжыммен тимбилдингке арнадық. Тимбилдингтің негізгі мақсаты — ұжымдағы психологиялық климатты жақсарту, қарым-қатынастағы кедергілерді жою, командалық рухты көтеру, сенімділік пен ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ бірлескен жеңіс пен ортақ мақсатқа жету сезімін қалыптастыру.

Сонымен қатар тимбилдинг барысында эмоционалдық стресті төмендету үшін психологиялық тренингтер, спорттық ойын түрлерінен топтық жарыстар өтті. Әріптестерім тимбилдинг нәтижесінде ерекше көңіл күйге бөленген сияқты.

Әрі қарай мұндай шаралар әр факультет пен құрылымда каскад әдісімен үлкен ұжымымызда жалғасын табуы тиіс. Табиғат аясында өткен шара жыл мезгіліне сәйкес жалғасын табады», — деп пікір білдірді университет басшысы шара туралы.

Гүлнара Дауылбайқызы

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сағдузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>
Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана